В середине 1989 году между СУАР и Казахстаном было подписано соглашение об экономическом, техническом и торговом сотрудничестве на период 1989-1995 годы. Общая стоимость всех предусмотренных соглашением сделок составляла свыше \$1,5 млрд., а товарооборот между этими соседними регионами двух стран предполагалось довести к 1995 году до \$220-260 млн. В июле 1991 года в ходе визита Н. Назарбаева в СУАР КНР подписывается «Соглашение о принципах и основных направлениях развития сотрудничества между Казахской ССР и Синьцзяном». Кроме того, 31 июля 1991 года в Кульдже между Казахстаном и СУАР подписывается соглашение, предусматривающее так называемый «шоп-туризм», расчеты по которому осуществляются только в свободно конвертируемой валюте. В связи с распадом Советского Союза и перехода Казахской ССР в статус независимой республики, полностью обязательства по данным соглашениям не были

выполнены в запланированном объеме, однако интерес к развитию торгово-экономического сотрудничества с обеих сторон был очевиден. Таким образом, основные принципы и механизмы складывания экономических отношений между Казахстаном и Китаем были заложены еще в 80-е годы XX века. Именно в тот период стало очевидно, что основным торговым партнером Казахстана в КНР станет Синьцзян-Уйгурский автономный район. Кроме того, стала очевидной обоюдная заинтересованность в развитии торгово-экономического и научно-технического взаимодействия [28].

Уже в 2004 году товарооборот между Синьцзяном и Казахстаном достиг 3,3 млрд. дол. США, составив 58,3 процента общего внешнего товарооборота в автономном районе, или 73 процентов торговли Китая с Казахстаном. Синьцзян экспортирует в Казахстан главным образом продовольствие, томатный соус, сахар, хлопок, текстиль, одежду и т. п., а импортирует из Казахстана стальной прокат, химические удобрения, металлоконструкции и др.

По данным Агентства по статистике РК, на 1 ноября 2005 года в республике зарегистрировано 4000 малых совместных предприятий с участием китайского капитала, из них 2866 – действующие. Предприятия работают в различных отраслях экономики, в основном это: торговля, ремонт автомобилей и изделий домашнего пользования, транспорт и связь, обрабатывающая промышленность, производство и распределение электроэнергии, газа и воды, гостиницы и рестораны, финансовая деятельность, операции с недвижимым имуществом, аренда и услуги, сельское хозяйство и строительство.

Если товарооборот между РК и КНР за 2005 г. составил 3,7 млрд. дол. США, объем экспорта из РК в КНР – 2,4 млрд. дол., импорта – 1,3 млрд. дол. США. Удельный вес КНР в общем объеме товарооборота РК составляет 8,1%, в общем объеме экспорта – 8,7%, в общем объеме импорта – 7,2% [29].

В разрезе по товарным позициям грузов, перевозимых через переход «Дружба-Алашанькоу» - главные торговые ворота из Казахстана в Китай, она такова: цветные металлы – 9%, черные металлы – 26%, нефть – 15%, окатыши –

9%, химикаты – 1%, лес – 2%, ТНП – 5%, металлолом – 27%, удобрения – 4% [30]. Стратегическую цель к 2015 году увеличить объем взаимной торговли до 40 млрд. долларов США. Казахстан, как известно, обладает достаточно сильным военно-промышленным комплексом, оставшимся в этой республике после распада СССР, что позволяет ему уверенно чувствовать себя в этой непростой сфере взаимоотношений. Так, в течение 1998-1999 гг. была подписана серия соглашений о поставках китайским ВМС пробной партии торпед производства Казахстана, достигнутых в ходе контактов между высокопоставленными представителями вооруженных сил двух соседних азиатских стран [31, С. 119].

В целом, между Казахстаном и Китаем заключены соглашения на сумму более 9,5 млн. долл. Они предусматривали совместную разработку и освоение Актюбинского нефтегазового месторождения и месторождения Узень.

В 1997 г. КННК в конкурентной борьбе с рядом западных нефтяных компаний стала победителем тендера и получила 60% акций казахстанской компании «Актобемунайгаз». Официальная причина правительственного решения в пользу китайской компании – очень привлекательный для Казахстана пакет обязательств, который включал строительство трубопровода в Китай и участка трубопровода до границы с Туркменистаном и далее в Иран, а также обеспечение первоначальных инвестиций в проект реабилитации Узеньского месторождения [32, С. 119]. На настоящий момент завершено строительство магистрального нефтепровода протяженностью 962,2 километра, который соединяет Атасу (Казахстан) с пограничным пунктом Алашанькоу (Alashankou) на границе КНР и Казахстана. 25.05.2006 первая нефть из Казахстана по новому трубопроводу поступила в Китай. На первом этапе ежегодно по нему будет поставляться в Китай 10 миллионов тонн. Строительство нефтепровода было начато в сентябре 2004 года и завершилось в ноябре 2005 года. В реализацию этого проекта Китай и Казахстан вложили в общей сложности \$700 миллионов. По своей территории Китай проложил

нефтепровод Алашанькоу-Душаньцзы длиной 252 километра. В Душаньцзы находится нефтеперерабатывающий завод.

Казахстанско-китайское сотрудничество в нефтегазовой сфере нельзя назвать удачным. Так, в течение нескольких лет КННК не могла приступить к реализации проекта реабилитации Узеньского месторождения. В результате к восстановлению Узеня приступила компания «Казахойл». Нефть из Казахстана продолжает транспортироваться железнодорожными цистернами. В 2001 г. имел место конфликт, связанный с отказом Орского нефтеперерабатывающего завода (Россия) принимать на нефтепереработку актюбинскую нефть, поскольку неоднократные предупреждения Тюменской нефтяной компании, являющейся совладельцем Орского НПЗ, о необходимости переоформления лицензии и разрешения на поставку были проигнорированы менеджерами КННК. В результате остановилась добыча почти на сотне нефтяных скважинах, бюджет Актюбинской области понес убытки в размере 4 млн. долл. [32].

В настоящее время РК и КНР занимаются разработкой обоснования инвестиций (ОИ) по проекту строительства казахстанско-китайского газопровода. Проектная пропускная способность казахстанско-китайского газопровода, трасса которого пройдет по маршруту Атырау (Мака́т) - Актобе (Жана́жол) - Атасу - Алашанькоу, составит 30 млрд. кубометров в год. При этом первую очередь газопровода первоначальной мощностью не менее 10 млрд. кубометров в год планируется построить и ввести в эксплуатацию в 2009 году. Строительство и ввод в строй второй очереди запланированы на 2012 год, в результате чего ежегодная пропускная способность газопровода вырастет до 30 млрд. кубометров. Оптимальные объемы поставок газа будут определены в ходе разработки ОИ. Казахстан намерен поставлять свой газ на китайский рынок посредством данного газопровода не менее 30 лет. После завершения ОИ в случае технической осуществимости, экономической эффективности проекта, одобрения отчета по ОИ соответствующими государственными органами двух

стран "КазМунайГаз" и CNPC подготовят и заключат соглашение об основных принципах строительства газопровода Казахстан – Китай.

15 октября 2005 г. «КННК Интернешнл» и НК «КазМунайГаз» подписали меморандум о взаимопонимании, по которому последний приобретет часть акций "Петроказахстана" для стратегического контроля над освоением ресурсов полезных ископаемых в Казахстане и получения прав на совместное управление Шымкентским нефтеперерабатывающим заводом и его продукцию в равных долях. По оценкам лидеров двух стран, почти полное взаимопонимание достигнуто в вопросах обеспечения региональной безопасности. Через структуры Шанхайской организации сотрудничества (ШОС) Китай играет одну из ведущих ролей в решении этих вопросов. Между Казахстаном и Китаем действует Соглашение о сотрудничестве в борьбе с терроризмом, сепаратизмом и экстремизмом, подписанное 23 декабря 2002 года в Пекине. Активно контактируют правоохранительные органы и спецслужбы. Создан казахстанско-китайский Подкомитет по сотрудничеству в области безопасности. Проведены совместные антитеррористические учения стран - участниц ШОС. В рамках этого объединения создана Региональная антитеррористическая структура в Ташкенте. Наконец, нельзя не отметить и то обстоятельство, что 23 декабря 2002 года между Республикой Казахстан и Китайской Народной Республикой был подписан Договор о добрососедстве, дружбе и сотрудничестве. Такого рода документ КНР имеет только с Российской Федерацией [33]. Председатель КНР Си Цзиньпин отметил, что Китай и Казахстан - добрые соседи и всесторонние стратегические партнеры. За 21 год со дня установления дипломатических отношений двусторонние связи развиваются быстрыми темпами. «В обеих странах рассматривают развитие взаимоотношений друг с другом своим внешнеполитическим приоритетом. Можно сказать, что китайско-казахстанские отношения сегодня находятся на небывалом высоком уровне, и в

развитии всестороннего стратегического партнерства двух стран открываются беспрецедентные шансы», - сказал глава Китая.

Накануне своего визита в Казахстан Председатель КНР отметил, что для дальнейшего плодотворного сотрудничества две страны определили стратегическую цель - увеличить объем взаимной торговли до 40 млрд. долл. США к 2015 году. По его словам, осуществление этой цели, разумеется, требует совместных усилий обеих сторон.

«Нам следует продолжить работать на взаимовыгодных началах, сохранить благоприятную динамику сотрудничества в нефтегазовой сфере и на этой основе полностью выявлять потенциал взаимодействия в таких несырьевых секторах, как сельское хозяйство, транспорт, высокие технологии, телекоммуникация и химпромышленность». На наш взгляд, одной из актуальных вопросов в двухсторонних отношениях является проблема репатриантов. В настоящее время, по различным источникам, в Китае казахская диаспора насчитывает около 1 млн. 980 тыс. человек и является самой многочисленной колонией наших соотечественников за рубежом. Казахи в основной массе проживают в Или-Казахской автономной области (Алтайском, Илийском, Тарбагатайском округах), в Мори-Казахском уездах СУАР КНР, Аксай-Казахском автономном уезде провинции Ганьсу, а также в небольшом количестве в Пекине. К сожалению, за последние годы в Китае сокращается сфера применения казахского языка в местных органах власти закрываются национальные школы. Наших соотечественников также беспокоит политика Пекина по ограничению рождаемости детей, что приведет к замораживанию численности казахского населения. Между консульскими департаментами внешнеполитических ведомств двух стран проведено восемь консультаций, которые дали практические результаты, в том числе в плане достижения согласия китайской стороны на определенные упрощения процедур по оформлению выездных документов для граждан КНР казахской национальности, защиты прав оралманов. В ходе консультации обсужден круг

вопросов, касающихся проблем диаспоры, перспектив сотрудничества в данной сфере двусторонних отношений. Необходимо отметить, что вопрос переселения казахских семей на историческую родину представляется довольно сложным и требует длительной и планомерной работы со стороны МИД РК.

Список литературы

1 Политика КНР на современном этапе: реалии и перспективы / Научное издание. – Алматы: Казахстанский институт Стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2005. – С. 9.

2 Галямова В. Центральнаазиатский вектор политики КНР и перспективное воздействие Китая на безопасность региона. Казахстан и Китай: стратегическое партнерство. – Алматы: ИМЭП, 2006. – С. 101-102.

3 Галямова В. Центральнаазиатский вектор политики КНР и перспективное воздействие Китая на безопасность региона. Казахстан и Китай: стратегическое партнерство. – Алматы: ИМЭП, 2006. – С. 102-103.

4 Merry E.W. Russia and China in Asia: Changing Great Power Roles. – Washington, D.C.: American Foreign Policy Council, 2002. – 61 p.

5 Российская газета. - 1992. - 19 декабря. – С.3.

6 Проблемы Дальнего Востока. - 2001. - №5. – С. 12.

7 Иванов И.С. Россия в современном мире. Ответы на вызовы 21 века: Статьи и выступления. – М.: ОЛМА-ПРЕСС, 2004. – С. 444.

8 Глаубиц И. Россия в Восточной Азии: стремление обрести влияние и право голоса. Внешняя политика от Ельцина до Путина / Пер. с нем.. – К.: Оптима, 2002. – С. 249.

9 Известия. – 1996.- 15 декабря.- С.4.

10 Глаубиц И. Россия в Восточной Азии: стремление обрести влияние и право голоса. Внешняя политика от Ельцина до Путина /Пер. с нем. – К.: Оптима, 2002. – С. 250.

11 Современные международные отношения и мировая политика: Учебник/ А.В.Торкунов, И.Г.Тюрин, А.Ю.Мельвиль и др.) МГИМО МИН России:Отв.ред. А.В.Торкунов. – М.:Просвещение: МГИМО, 2004. –С. 867-869.

12 Проблемы Дальнего Востока. – 2005.- № 6. – С. 19.

13 Шлындов А. О некоторых аспектах российско-китайского взаимодействия на международной арене // Проблемы Дальнего Востока. – 2006.- № 1. – С. 22.

14 Совместное российско-китайское коммюнике по итогам состоявшегося с 30.06 по 03.07.2005 г. визита в Россию Председателя КНР Ху Цзиньтао // Проблемы Дальнего Востока: 2005. - № 4– С. 9.

15 Михеев В. Внешняя политика Китая и современные вызовы для российско-китайских отношений // Проблемы Дальнего Востока. – 2003. - № 6. – С. 16-30; Гребенщиков Э. Россия – Китай. На перекрестках азиатской дипломатии // Азия и Африка сегодня. – 2004. - №9. – С. 9-12.

16 Шлындов А. О некоторых аспектах российско-китайского взаимодействия на международной арене // Проблемы Дальнего Востока. - 2006.- № 1. – С. 29.

17 Политика КНР на современном этапе: реалии и перспективы. Научное издание. – Алматы: Казахстанский институт Стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2005. – С. 48

18 Гльбрас В.Г. Россия – в условиях глобальной китайской миграции. -М., 2004. – С. 34.

19 Ларин В.Л. Китайская миграция на Дальнем Востоке // Мост через Амур. Внешние миграции и мигранты в Сибири и на Дальнем Востоке. - М.- Иркутск, 2004. – С. 1096.

20 Алексеев М. Угрожает ли России китайская миграция? // Мировая экономика и международные отношения.- 2000. - №11. – С.99.

21 Ларин А. «Китайская экспансия»: мифы и реальность // Азия и Африка сегодня. – 2006. - № 3. – С.2.

22 Становление внешней политики Казахстана: история, достижения и взгляд в будущее. - Алматы: Институт мировой экономики и политики при Фонде Первого Президента РК, 2005. – С. 90.

23 Токаев К. Дипломатия Республики Казахстан. - Астана: Елорда, 2001. – С. 127.

24 Добрососедство / Под ред. К. Султанова. - Пекин, 2001. - С.233-234.

25 Документ о дружбе, сотрудничестве и взаимопомощи // Казахстанская правда. - 2002. - № 107.- С. 1.

26 Политика КНР на современном этапе: реалии и перспективы. Научное издание. – Алматы: Казахстанский институт Стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2005. – С. 63.

27 А. Каукенов Казахстанско- китайские экономические отношения: механизмы и принципы: [Электронный ресурс]. – Режим доступа URL: <http://www.kazenergy.com/ru> - (дата обращения 21.11.2013).

28 Сабиров И. Торгово-экономическое сотрудничество Казахстана и Китая: проблемы и перспективы. Казахстан и Китай: стратегическое партнерство. – Алматы: ИМЭП, 2006. – С. 59.

29 Сыроежкин К. Казахстанско-китайское торгово-экономическое и инвестиционное сотрудничество: состояние и проблемы // Казахстан в глобальных процессах. – 2006. - №1.

30 Лузянин С.Г. Китай, Россия и Центральная Азия: разграничение региональных интересов. Китай в мировой политике. – М.: МГИМО; РОССПЭН; 2001. – С. 325.

31 Абишев А.Е. Каспий: нефть и политика. Второе издание. – Астана, 2004. – 380 с.

32 Политика КНР на современном этапе: реалии и перспективы. Научное издание. – Алматы: Казахстанский институт Стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2005. – С. 6

33 Batyrsha-uly, Saylau. Kazakh diaspora: the present and Kazakhstan and contemporary world. – 005. - № 1(12).

С.Ж. Сапанов, К.М. Мухамбеталиев

ҚХР-ның сыртқы саясатындағы Ресей мен Қазақстан

Мақалада ҚХР Ресей мен Қазақстан Республикасының алатын ролі мен негізгі өзекті мәселелер қарастырылған. Ресей мен Қазақстан тарапынан жүргізіліп отырған саясаттың негізгі бағыттары анықталған. Сонымен бірге мақалада ҚХР мен РФ және ҚР арасындағы шешімін таппай отырған кейбір мәселелерге баға беріледі.

S.Zh. Sapanov, K.M. Mukhambetaliev

Russia and Kazakhstan in the hierarchy of foreign policy priorities of the PRC

This article discusses the current problems between Russia and China, as well as between Kazakhstan and China. In the article was displayed the evolution of foreign policy priorities and the role of the Russian Federation and the Republic of Kazakhstan in foreign China hierarchy.

The authors note the relevance of trade-economic and political issues of the relationship between the neighboring countries. They draw attention to regional security issues.

УДК 332:303.4

П. Сариева,

Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТ университетінің магистранты

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ ТЕРРОРИЗМДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА ТӨТЕП БЕРУ МЕХАНИЗМДЕРІ

Мақалада ланкестікпен күрестегі БҰҰ ролі жан – жақты сарапталады. Сонымен бірге «Эфмонт» және Базел комитетінің қызметтері қарастырылған.

Тірек сөздер: «қырғи-қабак» соғыс, есірткі және психотропты заттар, Халықаралық Валюта Қоры, ланкестікті қаржыландыру

XX ғасырдың 60 – 70 жылдары болған «қырғи-қабак» соғыстағы халықаралық жағдайдың бәсеңдеуі кезінде әлемдік қауымдастық биполярлы жүйе мен екі державаның конфронтациясынан басқа да халықаралық деңгейдегі мәселелердің орын алатынына көзі жетті. Есірткі және психотропты заттардың заңсыз айналымы, сонымен қатар басқа да халықаралық қылмыстардан түскен қаржыны жылыстыру мәселесі әлемдік масштабта таралып, сауда және қаржылық жүйелердің сенімділігі мен тұтастығына жаһандық деңгейде қатер төндірді. Есірткі заттардың саудасы мен басқа да қылмыстық әрекеттерден түскен қаржы банктер мен қаржылық мекемелер арқылы заңды айналымға еніп, осылайша қаржы секторының либерализациясына бағытталған саясатқа бөгет болды. Сонымен қатар бұл фактор рыноктың белгілі бір саласының тұрақсыздануының ең басты себебшісіне айналды.

Қазіргі таңда, мамандардың айтуынша, қаржыны жылыстырудың масштабтары жылына 1,3 триллион АҚШ доллары деңгейіне жетті. Сонымен қатар, 70-80-ші жылдармен салыстырғанда, мұндай табыстың тек 30%-ы есірткі сатудан түседі. Қазіргі таңда «есірткі долларларымен» қатар әлемде миллиардтармен есептелетін адам саудасы, заманауи технологияларды, компьютерлік бағдарламалық жабдықтауды, қару-жарақты сатудан қаржы

жасалуда. Сонымен қатар белгілі бір «аймақтық» мамандану орын алуда, мысалы, Тайландтың қаржылық жүйелері арқылы ресмилендірілетін ондаған миллиард доллардың 20 млрд-тан астамы (немесе 63%-ы) жезөкшеліктен, 4 млрд (12%) «есірткі долларлары», 2,4 млрд доллар (8%) қару-жарак контрабандасы, 5 млрд.-тан астамы (17%) басқа қылмыстардан табылуда.

Сипаты бойынша, қаржыны жылыстыру да, лаңкестікті қаржыландыру да құпиялылық жағдайында іске асады, сол себептен бұл құбылыстарға статистикалық сараптама жасау мүмкін емес. Қаржыны легитимдейтін және лаңкестікті қаржыланжыратын құрылымдар өздерінің қаржы айналымдарын ешбір құжаттық негізде тіркемейді. Сонымен қатар мұндай операциялардың көлемдерін анықтау олардың жаһандық масштабта іске асырылуы себебінен қиынға түседі. Қылмыскерлер өздерінің активтерін жасыруда сан алуан мемлекеттер мен олардың арасындағы қаржыны жылыстырумен күрес режимдері, алдын алу шаралары мен халықаралық серіктестіктегі алауыздықты пайдаланады. Сол себептен, қаржыны жылыстыру мен лаңкестікті қаржыландырудың жаһандық масштабтағы көлемін анықтау мүмкіндігі өте төмен болып табылады. Қаржыны жылыстыру мен лаңкестікті қаржыландырудың мемлекеттің экономикасына тигізетін әсері де қазіргі таңда өте елеулі де күрделі мәселе болып табылады.

Халықаралық Валюта Қоры әлемдегі барлық легитимделген қаражаттың көлемін әлемдік жалпы ұлттық өндірістің 2 – 5% көлемінде бағалайды. 1996 жылғы статистикалық мәлімет бойынша, бұл пайыздар 590 миллиардтан 1,5 триллион АҚШ долларына тең. Осылайша, бұл бағалау қаржыны жылыстыру мәселесінің елеулілігін көрсетеді.

Көптеген мемлекеттерде қаржыны жылыстыру мен лаңкестікті қаржыландырудың алдын алу, анықтау және жоюмен байланысты елеулі мәселелер байқалады. Бұл мәселелердің шешуі қаржыны жылыстату мен лаңкестікті қаржыландырудың сан алуан әдістер мен жүйелерінің пайдалануы қиындатылған. Мұндай әдістерге түрлі сипаттағы қаржылық ұйымдарды қамту,

көп түрлі қаржылық операцияларды іске асыру, делдал қаржылық кеңесшілердің қызметін пайдалану, бухгалтерлер, жалған компаниялар мен басқа да қызмет көрсетуші ұйымдарды, қаржыны аударуда бірнеше түрлі мемлекеттерді пайдалану, сонымен қатар түрлі құнды қағаздарды пайдалану жатады. Алайда, қаржыны жылыстыру негізінде өте қарапайым құрылым жатқаны мәлім. Бұл – қылмыстық жолмен жасалған қаражаттың заңсыз шығу тегін жасыру.

Лаңкестікті қаржыландыру сонымен қатар қарапайым концепция болып табылады. Оның мәні – лаңкестікті және лаңкестік актілерін әзірлеп, іске асыратын тұлғаларды қолдайтын кез-келген қаржылық іс-әрекеттер. Алайда, бұл термин әр мемлекетте саяси, діни және ұлттық факторларға байланысты түрлі жолмен талқылануы мүмкін.

Қаржыны жылыстыру мен лаңкестікті қаржыландырумен байланысты қаржылық операциялардың көп жағдайларда ортақ ерекшеліктерге ие. Солардың ең алғашқысы – олардың іске асырылуы тек жасырын түрде болуды талап етуі. Қаржыны жылыстырумен айналысатын тұлғалар қаржының қылмыстық шығу тегін жасыру үшін оларды ресми және заңды ағымдар арқылы өткізеді, ал лаңкестікті қаржыландырушылар заңды және заңсыз жолмен жасалған қаржыны оның қайнар көзі мен аяққы мақсатын жасырын етін тасымалдайды. Алайда, бұл екі үрдістің де нәтижесі бір – пайда түсіру.

Қаржыны жылыстыру кезінде қылмыскерлерге тиетін пайдасы болып оларға заңсыз табыс түсіретін қызметтің жасырын қалуы болып табылады. Лаңкестікті қаржыландырушылар үшін де пайда болып лаңкестік актілерді және стратегияны іске асыруға мүмкіндік беретін қаржының шығу тегі мен мақсатының жасырылуы табылады.

«Қаржыны жылыстыру» ұғымының көптеген талқыланулары бар. Көптеген елдерде бұл ұғымның 1988 жылы қабылданған БҰҰ-ның «Есірткі және психотропты заттардың заңсыз айналымымен күрес туралы» Конвенциясы (Вена конвенциясы) және 2000 жылы қабылданған «БҰҰ-ның

трансұлтты ұйымдастырылған қылмыспен күрес туралы Конвенциясында» қабылданған анықтаманы пайдаланады:

1. Кез-келген құқық бұзушылық, немесе құқық бұзушылық актісіне қатысу, немесе осындай актіге қатысушы тұлғаға көмек көрсету, шынайы шығу тегін жасыру мақсатында кез-келген мүліктің аударылуы немесе конверсиясы;
2. Кез-келген құқық бұзушылық, немесе құқық бұзушылық актісіне қатысу нәтижесінде түскен табыстың, оның шығу тегінің, қайнар көзінің, пайдалану әдісінің жасырылуы;
3. Кез-келген құқық бұзушылық, немесе құқық бұзушылық актісіне қатысу нәтижесінде пайда болған мүлікті иемдену [1, 3 бап].

Қаржыны жылыстырумен күрестің халықаралық құқықтық нормаларының негізін салушы болып танылған Қаржыны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық әдістерін әзірлеу тобы (әрі қарай – ҚЖКТ) «қаржыны жылыстыру» терминіне келесі анықтама береді: «қылмыстан түскен табысты легитимдеу және оның шығу тегін жасыру мақсатындағы операцияларды іске асыру».

Қаржыны жылыстырудың алғышарты болып табылатын қылмыс деп нәтижесінде жылыстырылатын қаржы пайда болатын қылмыстық әрекет айтылады. Вена конвенциясына сәйкес мұндай қылмыстар тізімі тек есірткінің заңсыз айналымына қатысты қылмыстық әрекеттер жатқызылған. Осылайша, есірткі саудасына қатысы жоқ қылмыстар, мысалы, алаяқтылық, киднэппинг (шантаж мақсатында адамды ұрлау) және ұрлық қаржыны жылыстатуға қатысты қылмыстар қатарына жатпайды. Алайда, уақыт өтісімен, қаржыны жылыстатуға байланысты қылмыстар қатарына тағы да бірқатар қылмыстық әрекеттердің жатқызылуы тиістігіне халықаралық қауымдастықтың көзі жетті. Сондықтан, ҚЖКТ және басқа да халықаралық ұйымдар Вена конвенциясы берген анықтамаға тағы да бірқатар байыпты қылмыстарды жатқызды.

ҚЖКТ өзінің қаржыны жылыстырумен күрестің қырық ұсынысына (әрі қарай – «Қырық ұсыныс») қаржыны жылыстатуға Вена және Палермо конвенцияларында берілген техникалық және заңгерлік анықтамаларды

енгізген, сонымен қатар бұл құжатта қаржыны жылыстыруға негіз бола алатын 20 қылмыстың түрлері көрсетілген [2, 3 ұсыныс].

БҰҰ лаңкестікпен және оны қаржыландыру механизмдерімен күрестің шараларын (көбінесе халықаралық келісім сипатындағы әрекеттер) көп мәрте қабылдады. 2001 жылдың 11 қыркүйегінде АҚШ-та орын алған лаңкестік актіне дейін 1999 жылы БҰҰ «Лаңкестікті қаржыландырумен күрес туралы Конвенциясын» қабылдады [1, 2 бап].

Кейбір мемлекеттер үшін «лаңкестік» ұғымына анықтама беру белгілі бір қиыншылықтар туғызады. Конвенцияға қатысқан елдердің барлығы лаңкестік актісі болып танылатын әрекеттердің нақты анықтамасымен келіскен емес. Лаңкестік ұғымы әр мемлекеттің тек өзіне тән саяси, діни және ұлттық ерекшеліктеріне байланысты әмбебап болып табылмайды.

ҚЖКТ 11 қыркүйек оқиғаларынан кейін жасаған «Лаңкестікті қаржыландырумен күрестегі арнайы 9 ұсыныста» (әрі қарай – «Арнайы ұсыныстар») «лаңкестікті қаржыландыру» ұғымына нақты анықтама берген жоқ. Алайда, бұл ұйым мемлекеттерді БҰҰ-ның 1999 жылғы «Лаңкестікпен күрес туралы Конвенцияға» қатысуға шақырады. Осылайша, конвенцияда көрсетілген «лаңкестікті қаржыландыру» ұғымының анықтамасы көпшілік пайдаланылатын анықтама болып табылады [2, 1 ұсыныс].

Қаржыны жылыстыруда лаңкестікті қаржыландыру мақсатында қаржының шығу тегін жасыру әдістері пайдаланылады. Лаңкестікті қаржыландыру активтері қылмыскерлердің легитимделген қаржы көздерінен түсуі мүмкін. Алайда, лаңкестікті қаржыландырудың көзін оның заңды немесе заңсыз болуына қарамастан жасыру өте маңызды болып табылады. Қаржыландыру көзінің жасырын сақталуы оның болашақта белгілі бір мақсаттарда қайталанып пайдаланылуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар қылмыскерлер қаражаттың мақсатын жасырып, осылайша мұндай қаржылық белсенділікті өкілетті органдар тарапынан байқалмаған күйде ұстайды.

Сол себептен ҚЖКТ барлық елдерден лаңкестікті, лаңкестік ұйымдар мен актілерді қаржыландырудың қылмыстық сипатын, сонымен қатар бұл қылмыстарды қаржыны жылыстырумен байланысты қылмыс ретінде тануды талап етеді. Осылайша, ҚЖКТ өзінің «Қырық ұсынысы» мен «Арнайы ұсыныстарын» қаржыны жылыстыру мен лаңкестікті қаржыландырудың алдын алу, анықтау және төтеп берудің нормативтік – құқықтық негізі санайды.

Лаңкестікті қаржыландырумен күрестің шараларын қабылдау үшін мемлекеттер өздерінің қаржыны жылыстырумен күрестің, сонымен қатар коммерциялық емес ұйымдардың лаңкестікті қаржыландыруға тікелей немесе жанама қатысуын алдын алатын құқықтық негізін кеңейтуі тиіс. Лаңкестікті қаржыландырумен күрес шеңберінде сонымен қатар қаржыны аударудың альтернативті банк жүйелері қарастырылуы тиіс, мысалы Азия және мұсылман елдерінде аса танымал жүйе – «хавала» және соған тектес. Сол себептен, жоғарыда аталып кеткен жүйелердің қаржыны жылыстыру мен лаңкестікті қаржыландыруда пайдаланылуына қарсы бағытталған шаралар қабылдануы тиіс.

Жоғарыда айтылғандай, қаржыны жылыстыру мен лаңкестікті қаржыландырудың арасындағы негізгі айырмашылық болып соңғысының қаржыландыру көздерінің заңды да, заңсыз да болуы мүмкіндігі табылады. Мұндай легитимді қаржыландыру көздеріне қаржының қайырымдылыққа жұмсалуды, ақшадай және мүліктік сыйлар жатады. Әдеттегідей, мұндай салымдар лаңкестік ұйымдарға қаржылық қолдау көрсететін қайырымдылық қорлары тарапынан іске асырылады. Нәтижесінде лаңкестікті қаржыландыру арнайы құқықтық нормаларды талап етеді. Ал егер де лаңкестікті қаржыландыру заңсыз активтерден іске асса, бұл жағдайда қылмыспен күрес мемлекеттегі қабылданған негізгі заңнама негізінде іске асырыла алады.

Ең алғаш рет қаржыны жылыстыру мәселесі оның есірткі заттарының заңсыз айналымына қатыстылығына байланысты көтерілді. Есірткі сатушылардың мақсаты болып, әдеттегідей, ұсақ ақшаны банктерде орналасқан заңды шоттар мен басқа да активтерге ауыстыру табылды. Қазіргі таңда заңсыз

қаражат қылмыстың сан алуан түрлерінен түсуде – саяси парақорлық, қару-жарақ сату, адам саудасы мен олардың қанауы. Алайда, заңсыз табыс түсіретін қылмыстың түріне қарамастан, қылмыскерлер қаржыны жылыстыру кезінде пайдаланылған әдістің түріне қарамастан негізгі үш кезеңнен өтеді:

1.Орналастыру. Бірінші кезең болып заңсыз жолмен жасалған қаржыны қаржы жүйесіне белгілі бір қаржылық кәсіпорын арқылы енгізу болып табылады. Әдеттегідей, бұл қаражатты банк шотына орналастыру арқылы іске асырылады. Үлкен сомадағы қаражат бірнеше кішігірім сомаға бөлініп, бірте-бірте түрлі қаржылық кәсіпорындар және банк филиалдары арқылы депозитке салынады. Осы кезеңде сонымен қатар ақша айырбасату және ұсақ ақша белгілері ірілерге ауыстырылады. Сонымен қатар заңсыз қаражат осы кезеңде күдік тудырмау үшін төлем тапсырмасы, чектер және басқа да несиелік құжаттарға айналдырылуы мүмкін. Қаржыны легитимді қаржы жүйесінде орналастыру сонымен қатар акциялар, сақтандыру келісім-шарттары сияқты құнды қағаздар арқылы іске асады.

2.Бөлшектеу. Қаржыны жылыстатудың екінші кезеңінде ақшаның, құнды қағаздардың конвертациясы, сонымен қатар олардың басқа ұйымдар мен кәсіпорындарға ауыстырылуы арқылы қылмыстық қайнар көзінен алыстауы іске асырылады. Бұл қаражат басқа құнды қағаздардың сатып алуына жұмсалыуы, одан кейін қайтадан басқа қаржы кәсіпорындарға аударылуы мүмкін. Бұл активтер өз кезегімен несиелік-қаржылық айналым құжаттары, чектер мен облигациялар күйінде басқа жерлерге аударылып, көп жағдайларда шет елдерге шығады. Қылмыскерлер мұндай қисындастыруларды белгілі бір тауар немесе қызмет үшін төлем ретінде бүркемелейді.

3.Интеграция. Үрдістің үшінші кезеңі заңсыз қаражаттың легитимді экономикаға интеграциясымен байланысты. Бұл жылжымайтын мүлік, құнды қағаздар, басқа да қаржылық активтерді сатып алу арқылы іске асады. Консолидация кезінде «тазартылған» капитал қылмыскерге заңды қаржы, мүлік немесе мүліктік құқық ретінде қайтарылады.

Қаржыны жылыстыру үрдістерін іске асыру мақсатында күрделі халықаралық қаржылық операцияларды қиянат жасау мүмкіндігіне байланысты бұл үрдістердің түрлі кезеңдері бірқатар мемлекеттерде іске асуда. Мысалы, орналастыру, бөлшектеу және интеграция кезеңдері үш түрлі мемлекетте іске аса алады, сонымен қатар олардың кез келгені қылмыстың жасалған жерінен алыс болуы мүмкін. Лаңкестікті қаржыландыру дәл осындай кезеңдерден тұрады, тек үшінші кезеңдегі интеграцияның орнына активтерді лаңкестік ұйымдар мен қылмыскерлерге тарату іске асады.

Қаржыны жылыстырудың классикалық жүйелері қолма-қол ақшамен, аса құнды жылжымалы және жылжымайтын мүлікпен операцияларды, банк және басқа да қаржылық институттардың қызметтеріне қиянат жасауды қамтиды. Соңғы жылдары оффшорлық қаржылық компанияларды, интернет жүйелерін, несие карталарын, қаржы аударудың және тауар мен қызметтің халықаралық сатылуының банктік емес (альтернативті) жүйелері қаржыны жылыстыру үрдісінде қолданысқа енуде.

Сонымен қатар аса тиімді әдістерге келесілер жатады:

«Құрылымдау» - қаржылық операцияны бірнеше кішігірім сомаларға бөлу. Бұл жағдайда қаржы тек банктер арқылы емес, сонымен қатар пошта бөлімшелері, ломбардтар, басқа да ұйымдар арқылы тасымалданады. Соңында бүкіл қаражат бір немесе бірнеше шотқа жиналып, толыққанды заңды түрде басқа елдің банктегі шотқа аударылады. Сонымен қатар кей жағдайларда қаржы заңды немесе заңсыз түрде басқа валютаға конверсияланады;

Депозиттерді жалған тұлғаларға рәсімдеу. Банк құпиясы туралы заңға сәйкес, әр банк сомасы он мың доллардан асатын депозиттердің ашылуы туралы хабарлауы тиіс. Сондықтан қылмыскер сомасы он мың доллардан сіл кем депозиттарды ашатын бәрнеше тұлғаны жалдайды. Мұндай операциялар әр түрлі күндері немесе бір күні түрлі филиалдарда іске асырылады да, көп уақыт пен күшті талап етеді;

Оффшорлы банктер. Қазіргі таңда ең танымал оффшорлы аймақтарға Кайман және Бағамы аралдары, Панама жатады: бұл елдерде банктік салымдардың көлемі мен санын реттейтін құқықтық шектеулер жоқ, сонымен қатар қаржыны жылыстыру үшін қылмыстық жауапкершілік жоқ, ал бұл, өз кезегімен, қылмыскерлерге банктік операциялардың құпиялығында жасырынуға мүмкіндік береді. Мұндай банктердің бірнешесінде шоттарды ашу өкілетті органдардың назарынан сенімді қорғаныс береді. Кей елдерде, мысалы Қытай мен Пәкістанда, күмән тудыратын тұтынушыларға депозитті салымдарды рәсімдейтін арнайы банктер жүйесі қызметін атқаруда. Олар мемлекеттің негізгі банк жүйесінен тыс қызмет атқара отырып, ешбір мемлекеттік реттеуге жатпайды. Қаржы салымдарының кепілі болып жиі ресми құжаттар емес, банктердің иесі табылады;

Заңды кәсіпкерлікке инвестициялар. Бұл әдіс қаржыны тек қана легитимдеп қоймай, сонымен қатар заңды бизнеспен айналысуға ұмтылған қылмыскерлер үшін әсіресе тиімді. Инвестицияның нысаны болып жиі көңіл көтеру мекемелері табылады.

Құмар ойындар. Бұл әдістің негізін ойынханалар мен казинолар құрайды. Мысалы, казинода текшелерді сатып алу үшін құжаттар қажет емес. Сонымен қатар казинодағы барлық ақпарат құпия болып табылады. Қылмыскер келін, бір санға ақша қойып, ұтып алса да, оның есімін жасыру әдеттен тыс көрінбейді. Сонымен қатар оның ұтысы да «таза ақша» болып табылады;

Электронды есептеулер мен банктің істің корреспонденциясын, құнды қағаздарды, сонымен қатар шынайы тауармен міндетті түрде байланысты емес фьючерсті және қаржылық мәмілелерді пайдалану;

Жалған кәсіпорындардың тармақтанған жүйесі. Мұндай кәсіпорындардың мемлекеттік тіркеуі әдеттегідей, жалған құжаттармен немесе шартты тұлғалар арқылы іске асады. Содан соң құжаттардың толық жиынтығы жасалып, банктерге шоттың ашуына тапсырыс беріледі. Осылай, жалған кәсіпорынның

ашылғаншотында белгілі бір уақыт аралығында қаражат жинақталады, кейін ол басқа шотқа ауыстырылады немесе чек арқылы қолма-қол беріледі;

«Fie Chien», немесе «ақшаның ұшуы» - «хавала» сияқты сенімге негізделген Қытайдағы жүйе. Ол жанұя байланыстарына, әлеуметтік құрылымға және ресми емес ережелерді бұзушыларды қатаң жазалауға негізделген. Бұл жүйенің мәні болып қылмыскерге ақшаны бір елдегі «банк иесіне» тапсырып, оның қолхаты көмегімен басқа елдегі дәл сондай «банк иесінен» ақшаны қайтарып алу мүмкіндігі табылады. Бұл әдіс өте ыңғайлы болып табылады, себебі қаржыны шекара арқылы өткізу қажет емес, сонымен қатар ақшаны тасымалдаудың шығындары тек «банк иелеріне» берілетін төлеммен шектеледі;

Қаржы контрабандасы. Қаржыны шекарадан өткізу үшін жол сандықтарда, көліктерде, ішінде үлкен соманы сақтауға қарамастан сыртқы әлпетін өзгертпейтін заттарда арнайы сақтамалар жасалады. Тасымалданған қаражат жергілікті банктердегі шоттарға салынып, белгілі бір уақыт өтісімен басқа шоттарға аударылады. Мұндай шоттар оффшорлы аймақтарда кең таралған;

Балама банк жүйелері. «Алтын үшбұрыш» (Тайланд, Бирма және Лаос шекараларының түйіскен жеріндегі аймақ) арқылы қаржыны жылыстыру мұндай іспен ұрпақтан ұрпаққа ғасырлар бойы айналысып келе жатқан тұлғалардың қатысуымен іске асады. Бұл жүйе жанұя байланыстары мен қылмыстық топтар ішінде қалыптасқан сенімге негізделіп, мұсылман әлемінде «хавала» деген атпен белгілі. Операциялардағы құпиялылық пен нақтылық ереже бұзушыларды қатаң жазалау арқылы реттеледі. «Хавала» жүйесінде қамтылған қаражат ресми банк жүйесіне мүлдем түспейді, сондықтан із қалтырмайды.

Қаржыны жылыстыру сан алуан түрлі әдістермен іске асуы мүмкін, яғни қаржыны банк шоттарына депозитке салудан бастап құнды қағаздар мен заттарды сатып алумен шектеледі. Заңсыз жолмен жасалған қаражат бірқатар күрделі қаржылы операциялар арқылы тасымалдануы мүмкін. Қаржыны

жылыстырушылар керемет тапқырлықты көрсетеді – бақылаушы органдар қаржыны легитимдеудің бір әдісін анықтап, жойса, тез арада жаңа ізденістер пайда болады. Қаржыны жылыстату мақсатында жергілікті немесе шетелдік заңды және жеке тұлғалар қолданылуы мүмкін. Мемлекет ішінде де, әсіресе егер ол мемлекеттің қаржыны жылыстыруға қарсы күрес жүйесі әлсіз болса, шетелдік капиталдың легитимденуі болуы мүмкін. Сонымен қатар мұндай іс-әрекеттерді сәтті түрде іске асыру мақсатында түрлі қаржылық және қаржылық емес институттар ұйымдастырылып, пайдаланылуы мүмкін. Қаржы нарықтарының жаһандануы заңсыз капиталдың ішкі және сыртқы көздерінің арасындағы, оны жылыстырудың жүйелерінің арасындағы шекараны бірте-бірте жоюда. Қаржылық қызмет көрсету нарығының дамуы түрлі қаржылық институттар арасындағы байланысты күшейте отырып, олардың кез келгенін қаржыны жылыстыруда пайдалануға мүмкіндік береді.

Қаржыны жылыстыру мен лаңкестікті қаржыландырудың түрлі әдістері әдетте *әдіс* немесе *стереотип* («типология») деп аталады. Бұл терминдер синоним болып табылады және бірін-бірі алмастыра алады. Қазіргі таңда қылмыскерлердің қаржыны жылыстыру мен лаңкестікті қаржыландыруда пайдаланатын барлық әдіс-тәсілдердің толық жинағын нақты суреттеу мүмкін емес. Сонымен қатар әр мемлекеттің тек өзіне тән экономика, қаржы нарықтарының даму деңгейлері, қаржыны жылыстырумен күрес режимі, құқық қорғау шаралары мен халықаралық серіктестік сияқты қасиеттері қылмыскерлердің әдістеріне әсер етеді. Әдістердің өздері әрдайым өзгертіліп, жетілдіріледі.

Алайда, түрлі халықаралық ұйымдар қаржыны жылыстырудың әдістері мен стереотиптері бойынша бірқатар анықтамалық құралдарды әзірледі. ҚЖКТ мұндай әдістер бойынша анықтамалық ақпаратты жылда шығатын есебінде көрсетеді. ҚЖКТ тектес түрлі аймақтық ұйымдар да әрдайым бақыланып жатқан стереотиптер туралы ақпарат әзірлейді. Сонымен қатар Эғмонт тобы

мүше қаржылық барлау бөлімшелерінің қаржыны жылыстатуга қарсы жүргізген жүз іс-шарасы туралы жинағын жариялады.

Шамамен 20 жылдық тәжірибесі негізінде қаржылық бақылау органдары мен барлау бөлімшелері жылыстырудың іске асып жатқанын белгілейтін бірқатар іс-қимылдарды анықтады. Қаржыны жылыстырумен күрестегі тікелей қылмыскерлермен қарым-қатынасқа түсу кезеңіндегі қылмыстың болып жатқанын айқындайтын негізгі белгілер жүйелі түрде зерттеліп, мемлекеттердің заңнамасы, халықаралық құжаттар мен қаржылық бақылау органдарының жарғыларында көрсетілген. Қылмыстың бұл түрінің ажыратылмайтын белгілеріне келесілер жатады:

- Банк чектерінің, аккредитивтердің, басқа да құнды қағаздардың үлкен көлемде сатып алынуы;
- Пошта және телеграф арқылы көптеп ақша аудару;
- Түрлі мүлікпен операцияларды мұндай бизнеспен бұрын айналыспаған тұлғаның іске асыруы;
- Күдікті қылмыскерлердің тапсырысы бойынша қаржы мамандарының құнды қағаздарды сатып алуы;
- Банктік заңнамасы жабық транзиттік елдер арқылы банктік аудармаларды іске асырушы тұлғалардың болуы;
- «Хавала» (Индия), «фей чьен» (Қытай), «хунди» (Пәкістан) сияқты заңсыз қаржы жүйелерінің пайдаланылуы;
- Әскери мақсаттарда емес, қылмыстық активтердің сақтауы үшін пайдаланылатын жеке немесе ұжымдық шоттардың болуы;
- Ақшаны айырбастау үшін сан алуан айырбастау пункттерін пайдалану;
- Салымшының бизнесінің көлеміне сәйкес келмейтін сомадағы салымдардың болуы, қаражаттың бір шоттан екіншісіне көп мәрте аударылуы;
- Арнайы маманданатын «ақша тасымалдау» ұйымдары арқылы қаржыны шетелге жіберу;

- Шетелдегі тармақталған филиалдар мен өкілдіктер жүйесі бар жалған компаниялар мен фирмалардың ашылуы.

Сонымен қатар мамандар қылмыскерлерді тергеу барысында олардың жасаған қимылдарына сараптама жасады. Әр қылмыскердің немесе ұйымдастырылған қылмыстық топтың тек өзіне тән әдістері мен жұмыс істеу қағидалары болғанымен, қаржылық бақылау органдарының мамандары қаржыны жылыстыру кезіндегі ұстанатын барлығына ортақ ережелер жинағын анықтады:

- Қаржыны жылыстату механизмі сипаты бойынша заңды операцияларға неғұрлым ұқсас болса, оны анықтау соғұрлым қиын;

- Заңсыз қаражаттың заңды қаражат аңымындағы үлесі неғұрлым кішігірім болса, оны анықтау соғұрлым қиын;

- Өндірістің іскерлік құрылымы мен және қаржылы емес тауарлар мен қызметтер ұсақ кәсіпкерліктерге неғұрлым тәуелді болса, заңды келісімдерді заңсыздардан ажырату соғұрлым қиынға түседі;

- Қызмет көрсету саласының мемлекет экономикасындағы үлесі неғұрлым көп болса, сол мемлекетте қаржыны жылыстату соғұрлым оңай болады;

- Заңды келісімдедің өзін-өзі қаржылық реттеудің деңгейі неғұрлым жоғары болса, заңсыз қаражат ағымын бақылау соғұрлым қиын;

- Қаржыны жылыстату кезінде несие карточкаларын және басқа да аұшасыз төлем құралдарын пайдалану мүмкіндігі неғұрлым аз болса, қаржыны жылыстату деректерін анықтау соғұрлым қиын;

- Мемлекетке шетелдерден енген түсімдердегі заңсыз қаражаттың үлесі неғұрлым аз болса, оны табу соғұрлым қиынға түседі;

- Заңсыз қызмет заңды экономикаға неғұрлым терең енсе, оның институциональды және функциональды бөлінісін іске асыру соғұрлым қиын;

- Қаржылық нарықтардың жаһанды сипаты мен олардың мемлекеттік реттелуі арасындағы наразылық неғұрлым күшті болса, қаржыны жылыстату деректерін табу соғұрлым қиын.

Қаржыны жылыстыру мен лаңкестікті қаржыландыру әлемнің кез-келген елінде іске асуы мүмкін. Мұндай қызмет объектісі қаржы жүйесі күрделі, сонымен қатар қаржыны жылыстыру мен лаңкестікті қаржыландырумен күрестің құқықтық инфрақұрылымы әлсіз, тиімді емес немесе сыбайласқан мемлекеттер болуы мүмкін. Яғни, бір де бір мемлекет ерекше емес.

Қаржыны жылыстыруға мүмкіндік туғызатын елдердің экономикалық ерекшеліктерінің арасында айтарлықтай маңыздылары болып келесі мәселелер табылады:

- Тұрғындардың және бизнес секторының бейресми табыстарының жоғары болуы, параллельді экономика мен бейресми нарықтың болуы;

- Қаржылық институттардың қызметіне бақылау және мониторингті іске асыру механизмдердің кемелсіздігі, арнайы халықаралық ұйымдар жасаған қаржылық қызметті реттеудің халықаралық стандарттарына сәйкес болмауы;

- Үкіметтің атқарушы, құқық қорғаушы және сот органдарындағы парақорлықтың кең таралуы;

- Мемлекет ішіндегі институттар қызметіне бақылау жүргізудің және операцияларын реттеудің жеңілдікті тәртібіне ие болып табылатын «еркін сауда зоналарының» болуы;

- Шетелдік құқық қорғау органдарымен қаржылық ақпаратпен алмасу мүмкіндігінің шектелуі немесе мүлдем болмауы;

- Қаржылық және қаржылық емес институттардың құрылуы, мемлекет территориясынан тыс филиалдардың ашылуы және қаржылық белсенділікті лицензиялау рәсімдерінің барабар емес болуы;

- Компаниялардың нақты иелері немесе меншіктенушілерін анықтауының қажет болуы (әсіресе меншік атаулы иеленсе);

- Қаржылық операциялардың құпиясының заңды түрде бекітілуі, олардың құпиялы түрде іске асырылуы;

- Валюта ауыстыру немесе басқа да қаржылық операцияларды реттеудегі жаңсақтық, банктердің қаржылық операцияларындағы оффшорлы компаниялардың пайдаланылуы;

- Анонимді шоттар мен қаржылық құралдардың болуы, сонымен қатар қаржыны «ұсынушыға» төленуді мүмкін ететін акциялар, құнды қағаздар;

- Қаржылық институттардың алтын, құнды тастар мен металдарды сатудың халықаралық орталықтарымен байланысты болуы.

Салық төлеуден масштабты түрде бас тартумен ерекшеленетін өтпелі және дамушы экономикасы бар елдерде қаржыны жылыстату үрдісі капиталдың кетісімен тығыз байланысты. Мұндай елдердің жүргізген шекарааралық капиталдың ағынының либерализациясы, мемлекеттік сектордағы кәсіпорындардың приватизациясы, Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелікке ену кезіндегі кедендік шектеулерді алып тастауы, қаржылық жүйенің жылдамдатылған реформалануы жеткілікті түрдегі жетілдірілмеген заңнама және реттеу оғандары жағдайында қаржыны жылыстыруды жеңілдетеді. Қаржыны жылыстыру операциялардың нұқсан келтіруі мемлекеттік деңгейдегі арнайы шараларды қолдануды талап етеді. Бұл қылмыстың ең негізгі салдары ретінде:

- қылмыскерлердің заңсыз операциялардан түскен қаржыны заңды түрде пайдалануы нәтижесінде олардың қызметтерінің біртіндеп ресмиленуі;

- қылмыстық құрылымдардың саяси беделінің артуы;

- олардың заңнама мен реттеу жүйелерінің жетілдіруіне кедергі етуі;

- мемлекеттік сектордағы паракорлықтың дамуы және қаржы жүйесіндегі құқық бұзушылықтың көбеюі;

- қаржыны жылыстатуға қамтылған капиталдың қаржылық нарықтардың тұрақтылығын бұзуы;

• мемлекеттің салықты толыққанды алмауы нәтижесіндегі салықтық жүктемені бөлудегі диспропорция мен әлеуметтік дифференциацияның пайда болуы қарастырылады.

Әдеттегідей, қаржыны жылыстыруға қарсы күресте келесі механизмдер қолданылады:

- заңды және жеке тұлғалардың қаржылық және салықтық есеп беруі;
- реттеу органдарының компаниялар мен банктерді тексерістен өткізуі;
- сыртқы аудиторлық тексеріс;
- ішкі аудит, қаржыны жылыстау дерегін анықтау мақсатында өткізілетін тексеріске жауапты тұлғаны тағайындау;
- кәсіби ассоциациялар мен өзін-өзі реттеуші ұйымдар шеңберіндегі бақылау;
- жергілікті және шетелдік құқық қорғау органдарының жерел шаралары;
- жеке тұлғалардың ерікті немесе сияқылы түрде ақпарат беруі.

Қаржыны жылыстыруға қарсы күресте сот жүйесі ерекше рольге ие. Жеке тұлғаның бұл қылмысты істегенінің ресми дәлелдеу кезінде сот жүйесі бірқатар қиыншылықтарға тап болады:

- жылыстау механизмінде қамтылған мүлік қылмыстық жолмен жасалғанын дәлелдеу;
- жылыстаудың белгілі бір мақсатпен іске асқанын дәлелдеу және мақсаттарды анықтау;
- мүліктің қылмыстық шығу тегі күдіктіге мәлім екендігін дәлелдеу.

Аталып кеткен механизмдер заңнама деңгейінде күшке ие болады және әрқайсысының оң және теріс жақтары бар. Компаниялардың қаржыны жылыстырумен күрес мақсатындағы қаржылық есеп беру көбінесе превентивті сипатқа ие. Берілген есепті толыққанды зерттеу үшін арнайы кәсіптенген мамандар штаты, ақпаратты өңдеудің заманауи құрал-жабдықтары мен әдістері, сонымен қатар ақпаратты жедел түрде тексеру мүмкіндігі қажет. Қаржылық

институттарда, нақтылай айтсақ, банктерде олардың орнықтылығын қамтамасыз ету және салымшылардың мүдделерін қорғау мақсатымен банкілерге лимиттер мен шектеулер жүйесі арқылы реттеу тәжірибесі енгізілді, алайда, бақылаудың бұл түрінің дамуы мемлекет тарапынан белгілі бір шығындарға әкеліп соқты. Қаржыны легитимдеудің жүйелерінің күрделенуі қаржылық институттарға орнатылатын бақылау жүйелерінің күрделенуіне әкеліп соғады. Бұл іс-шаралар әлеуметте азаматтар мен жеке институттардың құқықтары мен бостандықтарының шектелуі ретінде қарастырылады. Құқық қорғау органдарының өкілеттіліктерін жоғарылату да дәл сондай реакция туындатады. Бірыңғай деректер қорлары ақпаратты іздеу мен оны сараптауды жеңілдеткенімен, оларды пайдалану құқық бұзушылық пен ақпаратты жауапсыз пайдалануға әкеліп соғады. Қаржылық қылмыстарға күресті табылған «қылмыстық» активтер арқылы қаржыландыру қасақылық мүмкіндігінің алдын алуы тиіс.

Қаржылық қылмыстарға қарсыластықтың сындарлы жүйесін қалыптастыру кезінде бірқатар компромисстерге қол жеткізілу тиіс. Біріншіден, оны қаржыландыру шығындарының мемлекеттік және жеке деңгейдегі жоғарылауы мен экономикалық субъектілердің еркіндіктерін шектеу арасындағы, екіншіден, жүйенің қызметін атқаруының нәтижелілігі мен мемлекет қойған талаптардың орындалуына бақылаудың қаталдануы арасында. Әр мемлекет белгілі бір деңгейде қаржыны легитимдеуге қарсы күрес жүйесіне ие болып табылады. Жаңа механизмдердің енгізілуі тек оның артықшылықтарының пайдаланылып жатқан жүйенің артықшылықтарынан асып түскен жағдайда ғана тиімді болып табылады.

Әдебиеттер

1 Трансұлттық ұйымдастырылған қылмысқа қарсы халықаралық конвенциясы: БҰҰ-ның конвенциясы. – Палермо, 2000. - 26 б.

2 БҰҰ-ның «Есірткі және психотропты заттардың заңсыз айналымымен күрес туралы» Конвенциясы : [Электронный ресурс]. – Режим доступа URL: www.incb.org - (дата обращения 17.07.2013).

П. Сариева

**Основные механизмы противодействия
и финансирования терроризма в международной системе**

В статье рассмотрена роль ООН в борьбе с финансированием терроризма и отмыванием денег. Также в статье описан процесс становления ООН как одного из инструментов борьбы с финансовыми преступлениями, а также ряда других организаций, таких, как группа «Эгмонт», Базельский комитет и FATF.

P. Sarieva

**Basic mechanisms of combating and financing
of terrorism in the international system**

There in the article the role of UN in fight against terrorism finasing and money laundering is described. Also, article includes the description of UN and some other organizations, such as Egmont group, Basel comitee and FATF, becoming the global measure in struggle against financial offences.

РАЗДЕЛ 2

ОБРАЗОВАНИЕ И КУЛЬТУРА КАК ФАКТОР МИРОВОЙ ПОЛИТИКИ

УДК 327(574)

Г.Б. Рахманова

к.и.н., доцент кафедры МО КазУМОиМЯ им. Абылай хана

А.К. Рахманова

магистрант 1-го курса (юриспруденция) КазАТиСО

ОБРАЗОВАНИЕ ПОСТИНДУСТРИАЛЬНОЙ ЭРЫ

В статье авторы поднимают проблемы высшего образования в условиях глобализации. В частности речь идет о том, что в настоящее время сфера образования призвана корректировать свои приоритеты и ценности с учетом не только актуальных, но и перспективных, долговременных запросов и человека, и общества. Образование, особенно высшее, рассматривается как главный, ведущий фактор социального и экономического прогресса. Вместе с тем, современная образовательная система должна находиться, в тесной связке с воспитанием. Их конечной целью должно стать постепенное формирование идеалов ненасилия и приоритет общечеловеческих ценностей.

Ключевые слова: глобализация, образование, инновации, воспитание, компетенция, гуманизация, культура

Становление постиндустриального общества представляет собою объективный процесс, разворачиванию которого не существует сегодня альтернативы. Сам термин «постиндустриализм» в широкий оборот запустил в 1973 году Дэниэл Белл. Он разумел под ним общество, где главенствующую роль играют знания, где на первый план выходит производство не товаров, но услуг, а место фабрики и привычной корпорации занимает университет как очаг производства новых знаний, инноваций. Внедрение инновационных

образовательных технологий является одним из путей обновления содержания и форм организации учебно-воспитательного процесса, обеспечения равного доступа к получению качественного образования, реализации Национальной доктрины развития образования.

образовательное пространство. В свою очередь, преобразования в системе общественных отношений оказывали свое влияние на образование, требуя от него мобильности и адекватного ответа на реалии нового исторического этапа и должны соответствовать потребностям развития экономики в целом [3].

До конца 90-х годов состояние системы среднего образования в республике свидетельствовало о значительном отставании программ среднего образования в стране от общемировых образовательных технологий и стандартов. Содержание обучения в общеобразовательной школе оставалось фактологическим, а государственные стандарты, основанные на предметном подходе, были морально устаревшими. Отсутствовал компетентный подход, ориентированный на индивидуальность ученика. Обучение в школе не давало ученику четко выраженной позитивной мотивации к выбору жизненного пути, интересов и перспектив. Кроме того, исследования ЮНЕСКО и результаты тестирования выпускников общеобразовательных школ на тот период времени показывали устойчивую тенденцию снижения качества образования. В условиях недостаточной профилизации на старшей ступени среднего образования выпускники школ часто оставались невостребованными на рынке труда. Начальное и среднее профессиональное образование не в полной мере удовлетворяло потребности личности, общества и не могло решить проблему подготовки кадров, обусловленного новыми требованиями к уровню квалификации технических работников и специалистов среднего звена технического, обслуживающего и управленческого труда [5].

В конце 90-х годов в Республике Казахстан была сделана ставка на переход к новым инновационным методикам в сфере среднего образования, соответствующим самым высоким мировым стандартам. В первую очередь речь шла об открытии первых элитных средних учебных заведений нового типа. Пионерами казахстанского элитного среднего образования стали казахско-турецкие лицеи и международная образовательная школа «Мирас».

По прошествии определенного времени настала очередь и мировых «грандов». Так в 2011 году свои двери в Алматы и Астане распахнула первая на территории СНГ элитная британская средняя школа «Haileybury». Сегодня по всей стране действует большое количество частных элитных школьных учреждений самых различных направлений и профиля, которые имеют свой постоянный устоявшийся контингент учеников на протяжении многих лет.

Например, в городе Алматы, из 170 государственных общеобразовательных учреждений - 50 являются частными. По результатам ЕНТ 2012 года был составлен рейтинг лучших средних учебных заведений страны, и в эту сотню наиболее успешных вошло 17 алматинских школ, из них - 5 частных. Лучшей же школой города по результатам тестирования выпускников стала Республиканская специализированная физико-математическая школа-интернат им. О.Жаутикова (РФМШИ). В общереспубликанском рейтинге она заняла седьмое место, но по результатам тестирования по математике продемонстрировала второй по стране результат (первое место по этому показателю занял Первый общеобразовательный лицей города Петропавловска) [6].

Отдельно следует остановиться на создании специализированной сети «Интеллектуальные школы Назарбаева» в Казахстане. В рамках данной программы планируется построить 20 таких школ по всей стране. На настоящий момент 10 таких средних учебных заведений уже открыли свои двери для учащихся. Для сравнения: в рамках национальной системы образования в Казахстане работает 7576 школ, в которых учатся 2,5 млн. учащихся 1-12 классов.

Планируется, что «Интеллектуальные школы Назарбаева» будут открыты по одной в 14 областных центрах Казахстана и по две в городах Астана, Алматы и Шымкенте. Они будут работать на базе специализированных заведений и классов, оборудованных по последнему слову техники. Как

отметил в прошлом месяце на заседании кабинета министр образования и науки РК Аслан Сарижилов, эти школы "призваны стать локомотивами развития всей сети средних учебных заведений". Получение возможности поступить в Назарбаев школу открывает перед школьником хорошие перспективы. По окончании 6-го класса обучение и дополнительные занятия оплачиваются за счет государственной стипендии. Сдать экзамены на поступление в 7-ой класс могут все школьники Казахстана. Чтобы обеспечить прозрачность процесса и отсутствие коррупции, учащиеся сохраняют копии своих ответов. Впоследствии, после опубликования ответов, они могут проверить, правильно ли были подсчитаны их баллы. Данные школы предлагают углубленный курс математики и естественных наук, таких как физика, химия и биология, а также иностранных языков. В старших классах предметы преподаются на английском языке носителями языка, труд которых оплачивается за счет щедрых школьных бюджетов. Упор на точные науки должен обеспечить для выпускников этих школ идеальную сочетаемость с обучением в будущем в престижном Назарбаев Университете или в других ведущих университетах мира.

По утверждению казахстанских властей, опыт, приобретенный в ходе реализации данной программы, будет применен для усовершенствования учебной программы в обычных средних школах. Программы «Интеллектуальные школы Назарбаева» разрабатываются, учитывая лучший международный и отечественный опыт, с использованием новых подходов, ориентированных на углубление знаний учащихся через развитие навыков поиска знаний и их применения на практике. Планируется также, что разработанные и интегрированные образовательные учебные программы для «Интеллектуальных школ Назарбаева» в перспективе будут адаптированы ко всей системе среднего общего образования страны [7].

В настоящее время Казахстан признан мировым сообществом как государство с рыночной экономикой. За короткий исторический период

обретения независимости республика сделала значительный прорыв в экономике, интегрируясь в мировую цивилизацию, используя новые прогрессивные технологии. Определены перспективы социально-экономического развития страны. В этом контексте возрастает роль и значение современной системы образования, человеческого капитала как критериев уровня общественного развития, составляющих основу нового уровня жизни общества и являющихся важнейшими факторами, базой экономической мощи и национальной безопасности страны. Задача вхождения в число самых конкурентоспособных экономик мира руководством Казахстана ставится уже не в первый раз. Но, мало кто связывал вопрос повышения конкурентоспособности экономики страны с необходимостью проведения кардинальных реформ в сфере образования. Особенно это касается системы высшего и среднего образования. И лишь в последние годы пришло понимание того, что подготовка высокопрофессиональных кадров в отечественных образовательных учреждениях является одним из главных факторов конкурентоспособности нации. Ведь простые граждане и государство не всегда могут взять и сделаться конкурентоспособными благодаря лишь административно-реорганизационным мерам в экономико-хозяйственной сфере. Поставленная Главой государства Нурсултаном Назарбаевым задача вхождения Казахстана в 30-ку конкурентоспособных стран мира до 2050 года может быть решена в том случае, если ее будут воплощать в жизнь высококвалифицированные специалисты, обладающие знаниями наукоемких технологий, управленческими навыками, умеющие ориентироваться в современной рыночной экономике [3]. Совершенно понятно, что ныне и в обозримом будущем любое общество не может функционировать без элиты. Это значит, что квалифицированную элиту, ориентированную на высокие гуманистические ценности, нужно готовить заранее и по специально разработанной государственной программе. Известно, что коммуникационные

навыки, в частности, лидерство, формируются у молодых людей в раннем возрасте, и поэтому для общества чрезвычайно важно распознавать и развивать способности его членов к лидерству. Именно в этом плане важна проблема элитного образования, которое может оптимизировать процесс подбора и расстановки, а также смены элит в будущем казахстанском обществе.

Список литературы

- 1 Кусаинов А. Реформа образования: курс на высшие ценности // Казахстанская правда. - 2002. - 2 апреля. - С.6
- 2 Лиферов А. Геополитика и реинтеграция образовательного пространства стран СНГ// Вестник высшей школы.- 2000. - № 1. - С.16.
- 3 Нурберген М. Конкурентоспособно ли казахстанское образование: [Электронный ресурс]. – Режим доступа URL: <http://www.matritca.kz/top/5235html> - (дата обращения 19.10.2013).
- 4 Нуртазина Р. Интеграция образования Казахстана в условиях глобализации // Интеграция образования. - 2004. - № 2.
- 5 Концепция развития образования в Республике Казахстан до 2015 г. Астана, 2004. – 24 с.
- 6 Семькина Ю. Альфа и омега школьного образования // Континент: [Электронный ресурс]. – Режим доступа URL: www.continent.kz - (дата обращения 17.11.2013).
- 7 Бартлетт П. Казахстан: элитные школы могут ограничить возможности молодежи: [Электронный ресурс]. – Режим доступа URL: <http://russian.eurasianet.org/node/59201> - (дата обращения 09.11.2013).

Н. Адилханулы

**Қазақстандағы беделді білім жүйесінің
артықшылықтары мен кемшіліктері**

Бұл мақалада автор қазіргі әлемдегі элиталық білімін зерттеуі мен оның бас талаптары мен функционалдық ұстанымдарын қарастыру жолдарын паш етіп отыр. Әлемдегі элиталық білімнің Қазақстан білім жүйесіне еңгізу мәселелері де қарастырылған.

N. Adilkhanuly

Elite education: the pros and cons for Kazakhstan

This article devoted to the problem of elite education in the world, its basic requirements and functional bases. It discusses the possible application of international experience in the implementation of elite education in modern Kazakhstan.

УДК 801-7

Л.Т. Құрманбаева

ф.ғ.к., доцент, М.Тынышпаев атындағы ҚазККА, Алматы

А.И. Досжанова

магистрант, аға оқытушы, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МУЛЬТИМӘДЕНИЕТ ТЕОРИЯСЫНЫҢ МОДЕЛІ

Бұл мақалада Қазақстандық мультимәдениеттің теориялық және методологиялық мәселесін зерттеген авторлардың ойларына тоқталады. Сонымен қатар әлеуметтік-мәдени дамуымен Қазақстандағы мультимәдениет моделі қарастырылады.

Тірек сөздер: Қазақстан мультимәдениет, модель, халық, этностық топтар, әлеуметтік-мәдени процесстер, Казахстан Ассамблеясы, құндылықтар

Қазақстандық мультимәдениеттің теориялық және методологиялық мәселесін зерттеген авторлардың ойлары мынадай: Г.В. Малининның ойынша Қазақстандағы мультимәдениеттің белгісі ретінде ол Қазақстан тарихын негізге ала отырып 3 түрлі жағдайды айтады.

Бірінші жағдай Қазақстанның Ресей империясымен қосылуындағы жағдайды. Егер Абылай хан мен Әбілқайыр хан елімізді Ресейге қоспағанда Қазақстан қазіргі уақыта этникалық тұрғыдан жоқ болар еді. Себебі Қытай, Қоқан, Бұхар хандықтарының бодандығын қабылдағанда бұл хандықтар қазақтарды жоқ қылып, этникалық жағынан жойып жіберер еді.

Екінші жағдай Қазақстанның 70 жыл КСРО-ның құрамында болуы.

Үшінші жағдай 1991 жылығы Қазақстанның тәуелсіздігін алып ел болуын айтады. Бұл айтылғандардың барлығы тарихи жағынан көрсете отырып, мультимәдениеттің Қазақстандық моделін Г.В. Малинин былайша тұжырымдайды:

Бірінші мультимәдениет бұл дүниетанымның негізі және құндылықтардың мәнін көрсетуші этномәдени ерекшеліктерінің өзара әрекеті. Мультимәдениеттің белгісі ол әр адамның бір-бірінен жекешелігін көрсетеді.

Екінші мультимәдениет бұл саяси-құқық қағидасы әртүрлі соның ішінде үлкен және кіші халықтардың құқық, мәдениет, саясаттын сақтап дамуын қалыптастыратын белгі. Жеке адамның әлеуметтік орнын, жауапкершілігі мен еркіндігін, құқықтары міндеттерін белгілейтін жүйе.

Үшінші мультимәдениет бұл рухани-адамгершілік парадигмасы, ұлттың мәдениетін қалыптастыра отырып рухани құндылықтарының бір-бірімен қалыптасуын белгілейді. Бұл жағдай ұлттар арасында болады.

Төртінші мультимәдениет бұл халықтардың нормалар жиындығы. Бір-біріне деген қарым-қатынастың белгілері [1-2].

Н.Ж. Байтенованың ойына тоқталатын болсақ ұлттық бірігулердің және Қазақстан Ассамблеясын атап өте отырып, халықтың тату тәтті өмір сүруін

мәдениеттердің араласуын көрсеткен. Біздің мемлекетімізде көпмәдениеттілік сақталу тиіс дейді, сонда ғана біздің мемлекеттіміз сақталып қалады деген қанатты ой тоқталады [2].

Р.С. Сартаеваның пікірінше Қазақстандық мультимәдениет көріністерін ол әртүрлі халықтардың мәдениеттері ассимиляцияға және аккультурацияға түсіп өзгеруін және әлемдік мәдениеттер деңгейінде орын алады. Сонау ежелгі мәдениеттен бастап қазіргі Батыс мәдениетіне дейінгі аралықтың барлығы болмыс арқылы әртүрлі этностардың қоршаған әлемге әсерін тигізеді. Қазақстанда мультимәдениеттің көріністері кеңестік кезден қалыптасқан. Солардың ішінде екі мәдениеттің ерекшеліктерін көрсетеді, олар орыс және қазақ мәдениеттерінің бір-біріне әсер етуден пайда болған. Мысал, ретінде қазақтың музыка аспаптарының басқа халықтардың аспаптарына ұқсайтындығын атап өткен. Жалпы алғанда автордың ойы бойынша мультимәдениеті ұқсастық белгілер арқылы көрсетеді [3].

В.Д. Курганскаяның айтуынша: Мультимәдениеттің қазақстандық үлгісі ретінде ол салыстырамалы түрде әлеуметтік тұрғыда айтап өтеді. Көп ұлтты Қазақстанда ұлттар өздерінің мәдени белгілерін сақтап отырады. Егер Қазақстанда мультимәдениетке арналған бағдарлама құрылыса тілдік, мәдени, этникалық топтар, тағы басқа мәселелерді кеңінен қарастырады еді. Елдегі ұлттық бірегейлікті сақтап қалуымыз тиіс [4].

Е. Чакеновтың пікірін негізге алатын болсақ Қазақстандағы Ассамблея мәселесін негіз ретінде көрсетеді. Көп ұлтты еліміздің бірлігін, татулығын, достастығына сақтау негіз болады. Әрбір ұлттың мәдениетін көрсетуші орталықтардың көбеюін қолға алуды атап өтті. Ассамблея ұлттардың ұлттық-мәдени негізінің өзегіне айналуы тиіс дейді [5].

Ю. Булуктаевтің ойы бойынша: КСРО-ның құлауы нәтижесінде Қазақстан өз тәуелсіздігін алып, көптеген жетістіктерге жетті. Өзіндік жеке мемлекет құрылды, нарықтық экономика негізі салынды және де саяси жүйе іске

асырылды. Қазақстанның экономикалық деңгейі мен даму қарқыны жағынан Орта Азиялық аймақтарда алда келеді. Қазақстан халқының бірлігі болмаған жағдайда, мұның бәріне жету қиынға соғар еді. Бұл мақсатқа жету оңай емес, дегенмен, өзінің этно демографиялық құрылымымен, әр түрлі діндер мен мәдениетімен Қазақстан 130-дан астам этностан құралған полиэтникалық мемлекет болып табылады. Ұйымдасу, жұмылу, яғни біріктіруге қандайда бір жекеленген түрді, топты немесе ұйымды алуға болады. Әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістерден өткен, көптеген мемлекеттердің тарихи тәжірибесі, ұлтаралық бірліксіз ешбір көзделген стратегиялық мақсатқа жету мүмкін емес екенін дәлелдейді. Бұл шарттар реформаларды тереңдету, экономиканың тұрақтылығы және алдағы даму үшін өте маңызды. Ұлттық ынтымақтастық, қоғамның жағдайын өзімен бірге көрсете отырып, және оның бірлігі мен нығаюы Қазақстан дамуына маңызды жағдай. Ұлттық ынтымақтастық саясаты мынадай шарттармен құрылуда, мысалы, қазақстандық патриотизм, этносаралық және азаматтық келісім. Логикаға сүйене отырып қарсыласу арқылы емес, келісім арқылы жаңа қоғамның туу жолы ашылады. Қазақи қоғамның ынтымақтастығы этносаралық және азаматтық бірлестік ретінде, мемлекеттің стратегиялық мақсаты болып келеді. Қазақстан сияқты көпұлтты мемлекетте этносаралық қатынас, қоғам тұрмысына маңызы зор. Мұндай қатынастар этноұлттық қоғам арасында, әр түрлі қарым-қатынастарды көрсетеді: әлеуметтік-мәдени, саяси, экономика, құқықтық, діни және т.б. Бірігу қажеттілігі және қоғамдық тұрақтылық Қазақстанның полиэтникалық қоғамында орын алған мәселе. Мемлекеттің тәуелсіздігі мен оның ұлттық қауіпсіздігі және территориялық түгелділігі үшін тек қана азаматтық келісім ғана емес, сонымен бірге ұлтаралық келісімді қажет етеді.

Этностардың бірігу өте бай тарихы бар және мінездік сипаттамасының басты ерекшелігі ол қазіргі Қазақстанды қоныстанушы халықтарға деген шыдамдылық, ақниет пен кең пейілділік. Көп зерттеушілердің пікірлері

бойынша, қазақ халқы интегралдаушы, біріктіруші этнос ретінде өзінің мәдениет саласындағы міндетін орындай алады, егер өзінің ежелден келе жатқан ерекше мәдениетін жаңашаландырып, кең насихаттау арқылы басқа этностық топтарға оңай жетілімді қылса. Мемлекеттік халықтық саясаттың басты ерекшелігінің бірі екі тілдік саясат болып табылады. Белгілі бір қолайлы этно саясаттық жағдайда тіл өте мықты интегралдаушы фактор бола алады. Қазақстанның тілдік саясатының іске асу үдерісін келесі мәліметтерден көруге болады: 90 жылдардың соңында мектепке дейінгі оқыту мекемелерінде 426 мың жуық, ал жалпы білім беру мектептерінде 3 млн. жуық балалар жеті ана тілінде оқып, тәрбиеленген болатын. Мемлекеттік тіл басқа Қазақстандағы тілдерге зиянын тигізбей өзіндік, логикалық жолмен дами береді деген саясатты ұстануға Қазақстанның мемлекеттік басқару органдары нақты шешім қабылдады.

Қазақстан белгілі бір этносқа немесе басқа да этностардың өміріне тарихи қалыптасқан дәстүрлі діннің әсерін ескереді. Бүгінгі күнде мемлекет пен діни ұйымдардың ынтымақтасуының басты екі мәселелері бар.

Біріншісі – бейбітшілік пен азаматтық келісімді насихаттау;

Екіншісі – мәдениетті жаңаландыруды дамыту. Қазақстан қоғамының поликонфессионалдық мінезі мемлекет алдында діни шыдамдылық пен дін ұстау еркіндігін Қазақстан Республикасында ұлттық бірігулері мен барлық ұлттық рухани келісімділік атмосфераның контекстінде дамыту жайлы мәселе қойып отыр.

Қазақстан моделінің басты ерекшеліктерінің бірі ол Қазақстан халықтарының ұлттық мәдени орталығын құру және диаспораларға өзінің тарихи отанымен байланысты ұзбеуге көмек көрсету болып табылады. Бұндағы маңызды рөл Қазақстан халықтар ассамблеясына тиесілі. Шынында да, мемлекет пен азаматтық қоғамның арасында дәнекердің функциясын атқаратын, әртүрлі этно әлеметтік топтардың арасындағы байланысты

қамтамасыз ететін ұлттық мәдени орталықтар, қоғамның мултикультуралық мәдениетінің қалыптасуы мен бірлігінің нығайуында басты рөл атқарады. Ұлттық мәдени орталықтардың біріктіруші рөлі, жеке этностық топтар мен әлеуметтік қабаттардың өкілдерінің жеке азаматтық қызығушылығын интеграциялау арқылы баршаның қызығушылығына айналдыруда. Әртүрлі этностардың арасындағы келісімге жету құралы ретінде, орталықтар өздерінің алға қойып жатқан мәселелеріне қолдау ретінде, көпшіліктің пікірін мобилизациялау жүргізуде. Әлеуметтік-мәдениетті дамыту жайлы Қазақстан өкіметінің саяси платформасында “Қазақстан халықтарының мәдени құндылықтары, халық мәдениеттерінің өзіндік ерекшеліктерінен құралады. Мултикультуралық модель - бұл қоғам ішіндегі қандай да этностың мәдени өзгешеліктерін жоғары қоймайтын, барлық этностар тең дәрежеде екенін түсіндіргісі келетін модель. Бұл модельді дамытуда барлық іс-шаралар игі болады, себебі бұл модель бейбітшіліктің және тұрақтылықтың негізі болып саналады [6].

Әдебиеттер

1 Малинин Г.В. Проблема этнической самодостаточности и становление мультикультурализма в Казахстане // Мультикультурное общество в Казахстане: модели, проблемы, перспективы: Сб. матер. республ. науч.-практ. конф. – Алматы: Институт философии и политологии, 2002. – С. 5-12.

2 Жусипов Б.С. Безопасность этнокультурного развития Республики Казахстан // Мультикультурное общество в Казахстане: модели, проблемы, перспективы: Сб. матер. республ. науч.-практ. конф. – Алматы: Институт философии и политологии, 2002. – С. 86-97.

3 Байтенова Н.Ж. Мультикультурализм как модель бесконфликтного этносоциального развития // Мультикультурное общество в Казахстане: модели, проблемы, перспективы: Сб. матер. республ. науч.-практ. конф. – Алматы: Институт философии и политологии, 2002. – С. 12-23.

4 Сартаева Р.С. О мультикультурализме, ксенофобии и полифонии культур // Мультикультурное общество в Казахстане: модели, проблемы, перспективы: Сб. матер. республ. науч.-практ. конф.– Алматы: Институт философии и политологии, 2002. – С. 78-86.

5 Курганская В.Д. Мультикультурализм как форма социального диалога и толерантности // К идеалам мира – через преемственность поколений: Сб. матер. республ. науч.-практ. конф.– Алматы, 2006. – С. 107-113.

6 Кадыржанов Р. Этнокультурная политика в Республике Казахстан: [Электронный ресурс]. – Режим доступа URL: [http://www. google.kz](http://www.google.kz) - (дата обращения 18.11.2013).

Л.Т. Құрманбаева, А.И.Досжанова

Модель мультикультурной теории в Казахстане

В этой статье рассматриваются мультикультурные модели Казахстана. А также социокультурные процессы, проблемы теоретических и методологических исследований мультикультуры в Казахстана и работы казахстанских авторов.

L.T. Kurmanbaeva, A.I.Dosjanova

Model of multicultural theory in Kazakhstan

This article describes the multicultural model of Kazakhstan. As well as socio-cultural processes, issues, theoretical and methodological research of multicultural Kazakhstan and Kazakhstan authors.

УДК 30.01

Ж.М. Төрежанова

ОРТА АЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕГІ КИНО ӨНЕРІ

Бұл мақала тәуелсіздік жылдарындағы Орта Азия және Қазақстан киноөнері туралы сөз қозғамақ. Орта Азия және Қазақстан киноөндірісі жайында – салмақтап көз жүгіртер болсақ, тәуелсіздік жылдарында авторлық кинолар арқылы қоғамның көзқарасының өзгергендігі туралы бейнеледі. Кеңестік киноөндірушілеріне ұқсағысы келген, бірақ жана қоғамның эстетикалық әсерінен кете алмаған, осымен қатар заманға сай технологиялардың көмегімен жаңарған, түрленген Орта Азия және Қазақстан киносын көруге болады. Бұл мақалада Орта Азия және Қазақстан киноөндірушілерінің кеңестік идеологиядан бас тартқандығын байқай аламыз.

Тірек сөздері: Орта Азия, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркменстан, фильм, кино, киноөндірісі, киноөндіруші, режиссер, мәдениет, киноөнері, Оскар, хронотоп, кеңістік, өнер

Өнердің атқаратын қызметтерін ғылыми жағынан талдасақ, өнер – тәрбиелік, эстетикалық, коммуниативтік, эвристикалық және ақпараттық болып, бес бағытқа бағытталған. Айтылған бағыттар әдебиет, театр, музыка сияқты шығармашылық салалардың қай-қайсынан да, ең бастысы кино өнерінің де өн бойынан түгелдей дерлік табылады. Өз заманының ұлы ойшыл-философы «Ақиқат атаулының барлығы өнерден табылады», - деген ұлағатты тұжырымын ойға оралтсақ, адам мен қоғамның рухани-мәдени келбетінің қалыптасуында киноөндірісінің де алатын орны айрықша [1, 47 б.].

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында біздің қоғам идеологиялық бей-берекеттік жағдайында болды: зиялы азаматтарды еуразияландыру идеяларымен ығыстырды. Тамырымыз түркілерден тарайтынын еске алса, дәстүрлі мәдениетімізге қайтуға үгіттеді. Енді ақырында қоғамды демократияландыруға шақырды. Бұл кезеңге берілген анықтамалардың кең тарағаны мынау болды: «нарықтық экономикаға көшу». Бұл анықтама толық

ештеңе түсіндірмеді, дегенмен адамдар оны мұғалімдер мен дәрігерлер, инженерлер мен технологтар базарларға сауда жасауға кетті деп түсінді.

Орта Азия аумағында өмір сүретін кез-келген адам кем дегенде төрт ділдің әсерін өз бойында сезінді. Олар: әлі де санамыз бен тұрмыс дәстүрімізде берік орын алған – кеңестік діл; құрамында дәстүрлі дүниетаным, әдет-ғұрып, тарихи тәжірибе және т.б. кіретін этностық діл; мұсылмандық діл; демократиялық қоғамды құруды ресми түрде жариялаған батыстық діл. Өте тұрақты және ғасырлар бойы қалыптасқан діл – бұл этностық, сондықтан Орта Азия халықтарының 60 пайызы осы жазықтықта өмір сүрді. Халықтың белгілі бір бөлігі кеңестік ділмен өмір сүруді жалғастырды, негізінен олар 10 пайызды құраған зейнеткерлер болды. Қалған 30 пайызы зиялы қауым мен бизнес өкілдеріне тиесілі. Түркменстан 100 пайыз этностық ділмен өмір сүрді. Президент Сапармурад Ниязовтың билігі тұлғаның діні мен дәстүріне берілгендігін бекітіп берді. Тәжікстан мен Өзбекстан этностық-діни жазықтықта өмір сүрді. Батыстың бұқаралық ақпарат құралдарына сүйенетін болсақ Қырғызстанды Орта Азиядағы «демократия аралы» деп атады. Қазақстанда демократизацияландыру үрдістері барынша айқын көрінеді және заманауи зайырлы мемлекетті құруға көп мөлшерде алғышарттары бар екені айқын байқалады. Киноөндірісі осы барлық ділдердің арасында орналасқан жеке тұлғаның белгісіздік мәселесін өнердің басқа түрлеріне карағанда ерекше жеткізеді. «Қайта құру» кезеңінде киноөндірісі қаһарман – жас адам нон-конформист болса, 1990 жылдарың басында-ақ құндылық координаттары жоғалған жағдайда өздерін сенімсіз сезінетін қаһармандарға айналу әдеттегі жағдай бола бастады. «Ине» («Игла») фильміндегі супермен Моро (Виктор Цой) Е. Шинарбаевтың «Сұр үшбұрыштағы орын» («Место на серой треуғолке») фильміндегі рефлектті жас жігітке айналды. А. Каракуловтың «Ажырастырушы» («Разлучница») фильмінде ойнаған ағайынды актерлар – ағайынды Туркенбаевтар М. Сарулудың «Ин спе» қырғыздық көріністеріне

өтеді. Жаңа отанды саналы түрде меңгеру сияқты «үй» бейнесінің қалыптасуы да маңызды орын алды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы фильмдер атауларының өздері-ақ фильм қаһармандарының өмір сүру мекенінің, орнының белгісіздігін айтып тұр – «Үйің қайда, ұлу?» (Где твой дом, улитка?), «Шанхай», «Квартирант», «Жабайы Шығыс» («Дикий Восток») және т.б. Бірінші онжылдықтың соңына қарай отанның нақты атауы пайда бола бастады. Олар «Ақсуат», «Бекет», «Менің әкелерімнің жері», «Боранды бекет».

Ұлттық тарихтан ұқсастық іздеді. Тәуелсіздік алғаннан кейін режиссерлер өз халқының тарихының маңызды кезеңдерін түсіндіріп, баяндауға белсене кірісті. «Отырардың күйреуі» («Гибель отрара»), «Сұлтан Бейбарыс», «Абай», «Имам әл-Бухари» және т.б. фильмдер халықтың тарихын көрсету арқылы ұлттық ұқсастықты қалыптастыру процесіндегі маңызды кезең болды.

Кеңестік тәжірибені қайта ойлап, ой елегінен өткізді. Тәуелсіздік заманы келген соң кеңестік уақытта неге тыйым салынғаны туралы айту қажеттілігі туындағаны табиғи нәрсе. атап айтқанда – Орта Азияда кеңестік билікті орнату кезіндегі каталдық пен зорлық – «Шешен» («Оратор») фильмі; ұжымдастыру нәтижесіндегі құрбан болғандардың санының көптігі – «Сұржекей – өлім періштесі» («Суржекей – ангел смерти»); халықтың Сталиндік заманға көшуі «Періште, шаттыққа бөлесі» («Ангелочек, сделай радость»); ядролық қаруды сынау және жалпы кеңестік милитаризмді, яғни соғыс құмарлықты айыптау, кінәләу – «Ләйләнің дұғасы» («Молитва Лейы»), «Үш ағайынды» («Три брата») фильмдері.

Ұқсастықты жете түсіну белгісі ретінде ұлттық хронотоп қалыптасты. Ұлттық хронотоптың қалыптасуы анық көрсетілген фильмдер пайда болады, яғни өзінің біртұтас кеңістігі – уақытпен бірге шынайы ұлттық бейне. Және бұл бейне кеңестік замандағыдай тек эпостық немесе тек тарихи фильмдерге жатқызылған жоқ. Ол қазіргі заманмен байланыс құра бастады, осылайша

қырғыз және қазақ ауылдарындағы өмірді қайта жаңғыртты. Мысалы: «Сілкіншек», «Ақсуат», «таң сәріге дейін», «Құдық».

2005 жылы Қазақстанда Ең атақты тарихи кино жоба - режиссер С. Бодров, И. Пассердің және Т. Теменовтың «Көшпенділер» фильмі пайда болды. Осымен тарихи киноға деген қызығушылық он бес жылға жуық жабылып қалады. Не себепті Өзбекстан мен Қазақстанда ғана тарихи тақырыпты көлемді фильмдер пайда болған? Жауап өте қарапайым – аймақтың басқа елдерінде осындай көріністерді жасауға мүмкіндіктер мен жағдайлар болмады. Қырғызстанда тарихи фильмдерді түсіруге қаржы болмады, себебі кино саласы мемлекеттен қаржы алмады. Тәжікстанда азаматтық соғыс болды және тарихи киноға қарайтын мұрша болған жоқ. Түркменстанда 1990 жылдардың басында мынадай тарихи фильмдер түсірілді: режиссер О. Гуммадовтың «Кемине» және «Молланепс» фильмдері. Кейіннен кино өндірісі тоқтап қалды.

Орта Азияның әр елінде тәуелсіздік алғаннан кейін киноөндірісінде автохтонды мәдениетті қайта жаңғыртқан режиссерлар пайда болды. Мысалы, олардың ішіндегі ең көрнектілері: Қазақстанда - Серік Апрымов және Дәрежан Өмірбаев, Қырғызстанда - Ақтан Абдыхалықов, Өзбекстанда - Юсуф Азимов және кейінірек Юсуп Разыков, Тәжікстанда - Джамшет Усмонов, Түркменстанда - Халмамед Какабаев. Сол уақытта киноөндірісінде ұлттық хронотопының кескінінің қалыптасуы жүрді.

Хронотоп (сөзбе сөз аударғанда «уақыт кеңістігі» деген мағына береді) М.Бахтиннің анықтамасына сәйкес кеңістік пен уақытқа тәуелді қарым-қатынастың өзара маңызды байланысы. Әдеби көркем хронотопта саналы және нақты тұтастықта кеңістік пен уақытша белгі, шышандар тоғысатын орын болады. Бұл жерде уақыт тарылады, көркем ой өрісті болады, кеңістік уақыт, сюжет, тарих әрекетіне араласа интенсивтеніп күшейеді. Кеңістікте уақыт белгілері ашылады және кеңістік саналы түрде ұғынылып уақытпен өлшенеді [2, 121-122 б.] .

Отбасы ұлттық құрылымның көрсеткіші ретінде. Үй және отбасы – кез-келген қоғамның негізін құрайтын екі ұғым. Сондықтан үй құрылысын мемлекет құрлысымен жиі теңестіреді, ал толыққанды отбасы қоғамдағы үйлесім мен амандықпен теңестіріледі. Бұл екі ұғымның киноөндірісінде көрінуі мемлекеттің тұрақтылығы мен даму деңгейін көрсетеді.

Тәуелсіздік заманы келуімен не өзгерді? Толыққанды және бақытты отбасылар пайда болды ма? Тәуелсіздікті құру кезеңінде киноөндірісінде балалық шақ тақырыбы қозғалуында терең логика бар. Жас мемлекеттер көп жағдайда аяғынан енді тұрып келе жатқан сәбилерге ұқсастырылып, байланыстырылады. Бұл тақырыпқа мына фильмдерді жатқызуға болады: «Ләйләнің дұғасы» («Молитва Лейлы») және «Күнбағыстар» («Подсолнухи»), Қырғызстаннан «Тұңғыш» («Первенец») және «Жаяу тұман» («Пеший туман») т.б. фильмдер. Барлық кинода балалар кездеседі. Тек бір жағдайда балалар туылады, басқасында қайтыс болады, үшіншісінде – балалар ешкімге керек емес, төртіншісінде балалар әкесінен құтылуға тырысады. Әр оқиға балалар бейнесінің даму динамикасын өздігінше көрсетеді. Бұл мінез-құлық тәртібінің белгілі кестелері мен стереотиптердің жоқтығын айтады. Жағымды бейнелер іздеп бірнеше жыл сандалғаннан кейін, Орта Азия киноөндірушілері қарт әйел-ананың, шындығында әженің дәстүрлі бейнесіне қайта оралады. Рулық ошақтың қорғаушысы ретінде ана бейнесі пайда болды. Архетип ретінде ана бейнесі келтірілген ең күшті бағдарламалы фильмдердің бірі түркмендік режиссер Ходжакули Нарлиевтің «Мәңгірт» фильмі болып табылады. Шыңғыс Айтматовтың «Ғасырданда ұзақ түн» романында суреттелген мәңгірт туралы аңыз «қайта құру» кезеңінде экранға шығарылмай қалмады. Бұл жерде бәрі символды – Отан образы ретіндегі тағы бір керемет ана бейнесі Д.Манабаевтың «Сұржекей - өлім періштесі» атты тарихи фильмінде көрсетіледі. Өзінің немересіне Қорқыт жайлы аңызды айтып отыратын зағип әже – дәстүрді насихаттаушы және халық даналығының қазынасы ғана емес, сонымен қатар

халықтың ары. 1991-1998 жж.аралығында Отан-ана бейнесі Қазақстандық, сондай-ақ барлық Орта Азиялық киноөндірушілерден толығымен алшақтап кетті. Мұның себебі: моральді-этностық құндылықтарды жоғалту, дәл сол жылдары шыңына шықты. Бұлар белгісіз көңіл-күйлер мен түсініксіз мақсаттарға толы жыл болды. Осының бәрі киноөндірісіне әсерін тигізді. Мысалы: Қазақстанда Б.Шариповтың «Заманай» көрінісі, Қырғызстанда А.Абдыкалыковтың «Бешкемпир» мен М.Сарулудың «Мандала» фильмдері, Түркменстанда Х.Какабаевтың «Тоба» фильмі, Өзбекстанда Ю.Разыковтың «Ер адамдар биі» және Тәжікстанда Ж. Усмановтың «Оң иықтағы періште» көріністерін айтуға болады. Әке бейнесін трансформациялау мемлекет болып қалыптасу сияқты. Тәуелсіздік жылдарындағы әке бейнесі жайлы қозғамас бұрын, өткен кезеңде әке архетипы тек идеологиялық басымдылыққа ие болды. Бұл кезеңде киноөндірушілер алдында босап тұрған текшені жай ғана жабу емес, әке бейнесін қайтадан қалыптастыру міндеті тұрды.

1990 жылдардың басында әке бейнесі болмады. Ол онжылдықтың соңында ғана шынайы пайда бола бастады, оған қоса жағымсыз кейіпте. Тәжік көріністерінде өз баласы мен отанын сатқан әке; «Ай жүзді әке» («Лунный папа»), қырғыз фильмінде ішкіш әке «Маймыл», қазақ фильмінде өгей әке «Ақсуат» т.б. Әке бейнесін трансформациялау бірте-бірте жүргізілді. Өгей әке, әлсіз әке пайда болды және тек 2000 жылдары ғана қуатты әке бейнесі пайда болды. Орта Азия киноөндірушілеріне өте маңызды тарихи тұлғалар жайлы, өз елдерінің тарихы мен жалпы аймағы туралы, сондай-ақ ұлттық тарихтың өзгерісті кезеңдері жайлы айтуға мүмкіндіктері туды.

Серік Апрымовтың фильмдері мысалында идеалды үлгі ретінде суретшінің ұлттық ұқсастық саласындағы ізденістері көрінеді. «Түстегі түс» фильмінде режиссер заманауи Қазақстандық қала атмосферасын көрсетуге әрекет жасайды. Ұзақ үзілістен кейін автордың толысқан тәжірибелі ойлары мен толғауларының жемісі болған «Аңшы» фильмі түсіріледі. Тек 2004 жылы ғана

«Аңшы» фильмімен ұлттық мәдениет ошағына толығымен оралып, түрк-қазақтары туралы жаңа кинематографиялық миф құрады.

Режиссер Амир Каракуловтың ізденістері оданда қызықты болып көрінеді. Оның «Соңғы демалыстар» фильмі Апрымовтың «Үш ағайынды» фильмі сияқты кеңестік мектеп тақырыбына рефлексия. Режиссердің «Жылама» фильмі автохтонды мәдениетке қайта оралу. Онда Амир Каракулов қазақ мәдениетінің күншығысын құраушы элементтердің, ұлттық ерекшеліктің мәнін сезіп көруге тырысады. Бұл көріністе өнер мен әлеуметтіктің арасындағы теңдестік форманың ізденісі және мазмұнның өткірлігімен таңғаларлық шебер сақталған.

Қырғыз режиссеры Ақтан Абдыхалықовтың «Сілкіншек» қысқаметражды көрінісінде ұлттық болмысты тану қамтылған. Көрініс қырғыз ауылы өмірінен алынған. Бұл жерде ұлттық болмысты сөзсіз танудан деректілік эффекті туындайды. Десе де бұл деректі кино емес, тек ұлттық болмыстың қайта жаңғырылуы. Бұл тұста Франц Фэнон теориясына сәйкес ұлттық мәдениет дамуының екінші сатысына жауап береді, дәлірек айтсақ «дәстүрлі мәдениеттің идеалды көрнісіне қайта оралуға» жауап береді [3, 17 б.].

Қырғызстан

Қырғыз киносында ұлт бейнесі шегіне дейін кеңейтілген отбасы ретінде қалыптасады «Бешкемпир», «Бекет», «Саратан», «Белгісіз бағдар» және басқа фильмдердегі қоғам үлгісі осындай. Осындай үлгіні құрастыру қисынды: Қырғызстан - шағын халық өмір сүретін аумағы кішігірім ел. Бірақ мұндай тәсіл ұлттық ұқсастықтың қалыптасуы мен шоғырланып, нығаюына пәрменді импульс береді: бір тіл, бір әдет ғұрыптар мен дәстүрлер, бір мәдени қаһармандар, бір дүниетаным. Солай бола тұрса да өзіне және өз халқына көзқараста белгілі халықтық қалжың мен мысқыл байқалады. Ол мүмкін болған шектен тыс тебіреністі түсіреді. Орта Азия елдері ішінде ұлттық бейнесін, дәстүрлі мәдениетін кино арқылы шебер бейнелей алған - қырғыз фильмдері ғана.

Тәжікстан

Тәжік фильмінде біз ұлттық қалыптасуы сәбидің қалыптасуы сияқты екенін көреміз. Фильмдерде балалар басты рөлдерді сомдап, ал үлкендер қосымша және бағынышты функцияларды атқаратын фактінің өзі- ақ киноөндірушілердің назары ел болашағы ретінде қабылданатын балаларға бағытталғандығын айқындап тұр. Мұндай әдіс тәуелсіздік кезеңінде қалыптасқан жас режиссерлар түсірген фильмдерге тән. Азаматтық соғыстан кейін елді қайта қалпына келтіру нәтижесінде кинода үйлесімді отбасының тұрақты бейнесі әлі қалыптаспады. «Махаббат мүсіні», «Овора», «Махди» сияқты фильмдерде еңбек эмиграциясына байланысты ер адам-әкелер жоқ, ал балаларын аналары, әжелері және аталары тәрбиелейді. Бұл әрине, қоғамдағы әлеуметтік жағдайға әсер етпей қоймады. Балалар – Тәжікстанның жанданып, қайта қалпына келуіне деген үміт. Олардың бейнелерінде, өсу және қалыптасу тарихтарында ұлттық жаңару идеясы берілген.

Өзбекстан

Орта Азияның қандай да бір басқа еліндегі киноөндірушілеріне қарағанда ұлттық фильмдер көп түсірілетін Өзбекстанның өзбек киносында ұлт пен мемлекеттің жетілуіне деген ортақ мақсаттар анық көрсетілген. Сондықтан, киноөндіруші ең алдымен өзбектердің менталитетін, яғни ділін көрсетеді: махали шеңберіндегі қауымдастық өмірі; бірнеше ұрпақ бірге өмір сүретін отбасылардың көптігі; үлкендерге құрмет; әкенің қуаты беделі; әйел адамының бағынышты жағдайы және т.б. Сонымен бірге, шындығында басқаша болса да әлеуметтік мәселелерге ерекше мән берілмей, кинода елдегі өмір жағдайы айтарлықтай жақсы деңгейде көрсетіледі. Бұл мағынада коммерциялық киноөндірушіні айталық, үнділік коммерциялық киноға тән болған сияқты әуендер, билер, бай адамдардың өмірлерінен келтірілетін оқиғалар және т.б. ерекше орын алатын қиялды кеңістікке бой алдыру бар.

Түркменстан

Тәуелсіздіктің екі онжылдығы ішінде бұл елде барлық фильмдерден де аз фильм түсірілді. Бұған қоса 1991 және 1998 жж. аралығында кино түсіру жай дамыса, 1998 жылы «Түркменфильм» киностудиясы жабылғаннан кейін өнердің бұл түрі өмір сүруін тоқтатты десе де болады. Түркменстанның бұрынғы президенті Сапармурад Ниязовтың «кинематограф та опера және балет сияқты дәстүрлі түркмендік өнер түрлеріне жатпайды және оны дамыту қажет емес» деген пікірі киностудияның жабылуына себеп болды. Ниязов қайтыс болған соң жағдай өзгерді, телевизиялық форматта ойналатын фильмдер түсіріле бастады, бірақ олар аз болды және қандай да бір қалыптасқан үлгі жайында сөз қозғау қиын болды [4, 116 б.].

Қазақстан

Қазіргі таңда қазақ киносы Орта Азияда алдыңғы қатарлы орынды иеленуде. Шын мәнінде, киноөндіруші бұл экономикалық және саяси қалыптасқан мемлекеттің анық айғағы Тәуелсіздік орнағаннан кейін екі онжылдықтың ішінде Қазақстан киносы мемлекетпен қаржыландырылды. Соңғы бес жылда кино саласына жеке бизнес белсенді араласа бастады. Қарастырылып отырған кезеңнің көрнекті жетістігі әлемдік экранға шығып, Қазақстан жайлы айқын жариялаған «Көшпенділер» фильмі болды. Халықаралық кинофестивальдарда Қазақстандық көріністер жиі жеңіске қол жеткізетіндігін айтпағанда, «Келін» және «Монгол» сынды Қазақстандық көріністер «Оскардың» қысқа парағына екі мәрте енді [5, 127 б.]. Елде түсірілетін фильмдердің жартысына жуығы басқа елдермен бірігіп жасалатыны қазақ киносының ашық векторы жайлы айтады. Соңғы жылдары қазақ киносы өз көрермен қауымдарын белсенді баурап ала бастады. Коммерциялық жанрда Е.Рақышевтің «Жетімдер», «Менің де атым Қожа» фильмдері көрерменге жол тартты. Бұл мәнмәтінде жағымды фильмдерде отбасының негізгі архетиптері көрсетілгендігін және отбасы жас, қуатты мемлекеттің негізі ретінде қабылданатынын айта кету маңызды.

Әдебиеттер

1 Гегель Э. Лекция по эстетике. – М.: Наука, 1983.- 47 б.

2 Бахтин М. Литературно-критические статьи. – М.: Художественная литература, 1986. – 240 с.

3 Fanon F. The Wretched of the Earth. – New York: Grove Press, 1961. – 25 p.

4 Абикиева Г. Нациостроительство в Казахстане и других странах Центральной Азии, и как этот процесс отражается в кинематографе. – Алматы: ОФ «Центр Центрально Азиатской кинематографии». - 2006. – 306 б.

5 Қазақ өнерінің тарихы. XX ғасырдың екінші жартысы. 3-том.- Алматы, 2011. - 563 б.

Ж.М. Төрежанова

Киноискусство в странах Центральной Азии

В данной статье поднимается вопрос о развитии кино в Средней Азии и Казахстане в годы независимости. Если говорить о киноиндустрии в Средней Азии и Казахстане, то она заметно изменилась с приобретением независимости. Здесь мы видим возобновленное кино Средней Азии и Казахстана. В работе анализируются те, деятели быть похожим и на советский кинематограф. Здесь мы можем заметить которые хотят то, что кинематография Средней Азии и Казахстана уже отходит от советской идеологии.

J. Torezhanova

Art of Cinema in Central Asia

This article raises the question of cinema in Central Asia and Kazakhstan in the years of independence. If we talk about the film industry in Central Asia and Kazakhstan, it has changed significantly since independence. Here we see a renewed cinema of Central Asia and Kazakhstan, those who want to be like the Soviet cinematograph, but couldn't get away from the aesthetic impact of the new society, as well, they used modern technology. Here we can see that the cinematographs of Central Asia and Kazakhstan already moving away from the Soviet ideology.

ТРЕБОВАНИЯ
к статьям, представляемым в «Хабаршысы-Известия»
КазУМОиМЯ имени Абылай хана

Представленные для опубликования материалы должны соответствовать следующим требованиям:

1. Содержать результаты научных исследований по актуальным проблемам в области лингвистических, филологических и педагогических наук, переводческому делу, межкультурной коммуникации, востоковедения, международных отношений, международного права и экономических отношений, регионоведения, менеджмента и международных коммуникаций, маркетинга, туризма.

2. Доминантная идея публикаций: следование принципам научности, инновационности, целостности и системности.

3. Статья предоставляется в бумажной и электронной форме.

Шрифт Times New Roman, кегль - 14, интервал - 1,5, поля: верхнее, нижнее, левое, правое - 2 см.

Абзац (отступ) – 1 см.

4. Принимаются статьи от 5 до 16 страниц (1 п.л.), включая таблицы, рисунки.

Структура статьи:

1. В левом верхнем углу – шифр УДК

2. Автор

(по центру, фамилия полностью, имя, отчество – инициалы, с указанием должности, ученой степени, места работы / жирным шрифтом)

3. Название – по центру (жирным шрифтом).

4. Аннотация на языке статьи (без написания самого слова «аннотация», 70-80 слов, 10-12 строк), на каз., рус. яз. и англ.яз. (без ключевых слов) – в конце статьи.

5. Ключевые слова (8-10 слов).

6. Текст статьи

7. Ссылки на использованную литературу (**список литературы, references**). **Обратите внимание: после слов (список литературы, references) двоеточие не ставится.** Ссылки на использованную литературу даются цифрами в прямых скобках по мере упоминания [1, с.15]. Постраничные сноски не допускаются.

8. Список литературы (не менее 5 наименований), в котором указывается литература за последние 5-7 лет (**обратите внимание: после цифры точка не ставится**):

1 Кунанбаева С.С. Реализация культурного проекта «Триединство языков в Республике Казахстан // Известия КазУМОиМЯ им. Абылай хана. Сер. «Филология». - 2012. - № 1.- С. 3-9.

2 Усубалиева С.Ж. Экологический менеджмент: уч.пособие. – Алматы: Экономика, 2011. – 128 с.

3 Urbain C., Bissot H. Cuisines en partage. Le plov dans tous ses états. Constitution d'une diaspora autour d'un plat d'Asie centrale // Diasporas. – 005. – N 7: [электронный ресурс] – Режим доступа – URL: http://w3.framespa.univ-tlse2.fr/revue/articles_fiche.phpid=335 (дата обращения 31.07.2012).

Таблицы, схемы, графики и т.д. создаются средствами Microsoft Word, нумеруются, имеют название, которое печатается без отступа строки.

Например,

Таблица 1 - Систематизация текстов о хронологии

Таблица вставляется в текст сразу после ссылки на нее.

Графики и диаграммы создаются средствами Microsoft Excel, снабжаются заголовками, соответствующими подрисуночными подписями, расположенное по центру, и вставляются в текст сразу после ссылки на них.

Например,

Рис.1 - Портрет Бальзака

Фотографии (изображения), иллюстрации представляются в формате JPEG (jpg), разрешение не менее 300 пикселей, и предоставляются отдельными файлами. К каждому изображению обязателен заголовок (сопроводительный текст, аннотация).

Формат 60х84/16, средний объем - 12 п.л. = около 200 стр. формат А4.

Уважаемые коллеги! Вы можете присылать статьи на электронную почту факультета международных отношений fmo@ablaikhan.kz. Обязательно сделать пометку «Известия КазУМОиМЯ».

Публикации для авторов – 3000 тенге.

1. Серия «Филологические науки».
2. Серия «Лингвистика и межкультурная коммуникация».
3. Серия «Востоковедение».
4. Серия «Педагогические науки».
5. Серия «Международные отношения»

Пример
УДК 39; 572.9

Н.Б. Ем, д.и.н.,

*Казахский университет международных отношений и мировых языков
имени Абылай хана, Алматы (E-mail: Natalya.Yem@ablairhan.kz)*

**Основные тенденции трансграничного брачного рынка
в Южной Корее в 2000-е годы: факторы спроса и предложения для женщин
Центральной Азии (на основе статистических данных)**

В статье отмечено, что в исторически моноэтнической среде южнокорейского общества численность межнациональных браков растет ежегодно. Показано, что этническая структура женихов и невест значительно расширились; заметное место в ней занимают женщины из постсоветских стран Центральной Азии. Автором сделана попытка раскрыть основные тенденции межэтнической брачности, показать уровень эндогамности внутриэтнических брачных предпочтений, определить факторы спроса и предложения на брачном рынке страны и место в нем женщин Центральной Азии на примере Узбекистана и Казахстана.

Ключевые слова: межэтнический брак, мультикультурная семья, политика Дамунхва, Южная Корея, Узбекистан, Казахстан

Текст статьи

Список литературы

Н.Б. Ем

**2000 жылғы Оңтүстік Кореядағы транснегаралық некелесудегі негізгі
ағымдар: Орталық Азия әйелдері үшін сұраныс пен ұсыныс
факторлары (санақ деректерінің негізінде)**

Оңтүстік Корея қоғамының тарихи моноэтникалық ортасында ұлтаралық некелесудің саны күнінен күнге өсіп келеді, күйеу бала мен қалыңдықтардың этникалық құрылымы неғұрлым кеңейген. Олардың арасында бұрынғы Кенес үкіметінен, яғни, Орталық Азия әйелдері көрнекті орында шоғырланған. Мақалада этносаралық некелесудің негізгі ағымдарын ашып көрсетуге, яғни этникалық эндогамдық некелесудің деңгейін, ел ішіндегі некелесудегі сұраныс пен ұсыныс факторларын және ондағы Орталық Азия, мысалы өзбекстандық пен қазақстандық, әйелдердің орнын анықтауға әрекеттер жасалған.

N.B. Yem

**Trends of inter-ethnic marriage market in South Korea in the 2000 's:
supply and demand factors for women in Central Asia (statistics)**

In mono-ethnic environment, South Korean society inter-ethnic marriages are growing in the last decade. The ethnic diversity of the brides and grooms is extended. Among them are popping up, women from Central Asia, the former Soviet Union. This article reveals the main trends of inter etc.

Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ
ХАБАРШЫСЫ
«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР
ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ» СЕРИЯСЫ
№ 3 (13) 2013 г.
ИЗВЕСТИЯ
КазУМОиМЯ имени Абылай хана
СЕРИЯ «МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ
И РЕГИОНОВЕДЕНИЕ»

Начальник ИПЦ *Б.А. Есенғалиева*
Дизайн, верстка *Б.С. Кынырбеков*

Подписано в печать 28.09.2013 г. Формат 70х90 1/16
Бумага офсетная. Печать RISO. Объем 6,6 п.л. усл.-печ.л. 7,2.
Заказ № 494 Тираж 500 экз.
Издательско-полиграфический центр
Казахского университета международных отношений
и мировых языков имени Абылай хана
г. Алматы, ул. Муратбаева, 200